

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№5 | 2022

ZANMEDIA.KZ

Мариям ҚАРАБАЕВА,

Алматы қалалық сотының судьясы,
ҚР Жоғарғы Соты жанындағы
сот төрелігінің сапасы жөніндегі
комиссияның мүшесі:

**«ҰЛТ МҮДДЕСІН
ЖОҒАРЫ
ҚОЯТЫН
КАДРЛАРҒА
МҰҚТАЖБЫЗ»**

3-БЕТ



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№5 | 2022

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

ТҰРМАҒАНБЕТОВА А.
дінтану магистрі

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Мариям ҚАРАБАЕВА, Алматы қалалық сотының судьясы, ҚР Жоғарғы Соты
жанындағы сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның мүшесі:

«Ұлт мүддесін жоғары қоятын кадрларға мұқтажбыз»

Т. ИБАШЕВА

3

Білім — тұрақтылық пен қауіпсіздіктің маңызды факторы

К. Айдарханова

10

Іс жүргізуде сот талқылауының маңызы зор

М. Мұқашев

12

Заңдылықты қамтамасыз етудегі сот бақылауы

М. Шарипова

15

Тараптарға тең мүмкіндік жасалады

Н. Сейлов

17

Басты міндет — дұрыс және әділ шешім шығару

А. Бекболатов

19

Құқық бұзушылықтың психологиялық ерекшеліктері

Л. Климова

22

Жанель АБЫКЕЕВА, ҚР Ұлттық ұланы 7552 әскери бөлімінің әскери лазарет
басшысы, подполковник:

«ЖАСТАР БІРДЕН САПҚА ТҰРУҒА ДАЙЫН БОЛЫП КЕЛУЛЕРІ КЕРЕК»

Т. Смағұлқызы

26

Жұмыскерді жұмыстан босату туралы еңбек дауларын сотта қарау

Қ. Тұрлыханқызы

30

Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу

А. Досмаилова,

Г. Айгаринова

34

Отбасы мен балалардың құқықтарын қорғау

Р. Байзакова,

А. Бекбергенова

40



соңғы бес жылда тек сот актілерінің ғана емес, жалпы сот отырысын өткізу сапасының да едәуір көтерілгенін ауыз толтырып айтуға болады. Мұндай жетістікке жетуге Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Қажыманұлы Асанов мырзаның осы қызметке келген алғашқы күннен бастап судьялар қауымдастығына жолдаған үндеуі ықпал етті дер едім. Ол кісі сот жүйесіне жаңа леп әкелді, жаңа сыни көзқараспен келді, «қандай жұмыстар атқарып жатырмыз?», «сот жүйесіне ауыз толтырып, мақтанышпен айтарлықтай не бердім, тағы не бере аламын?», «ендігі бағыт-бағдарымыз қандай?» деген сияқты судьяларды күнделікті күйбің тіршіліктен бір сәт бас көтертіп, ойландыратын сұрақтар қоя білді.

Мариям ҚАРАБАЕВА,
Алматы қалалық сотының
судьясы, ҚР Жоғарғы Соты
жанындағы сот төрелігінің
сапасы жөніндегі
комиссияның мүшесі:

«ҰЛТ МҮДДЕСІН ЖОҒАРЫ ҚОЯТЫН КАДРЛАРҒА МҰҚТАЖБЫЗ»

– Бұдан бес жыл бұрынғы жағдайға қарағанда сот актілерінің сапасы анағұрлым артқанын ресми мәліметтер жоққа шығармайды. Бұл тұрғыда қолға алынған істер мен оларды жедел әрі тиянақты түрде жүзеге асыруға ықпал еткен шараларды айта отырсаңыз?

– Сөзіңізге толықтай қосыламын. Осы

Бұған қоса «судья қызметінде маңыздысы технология немесе ноу-хау емес, адамдар екеніне» баса назар аударып, «сот ғимаратына кіргенде, сот процесін ұйымдастырғанда, сот актісін әзірлегенде, адамдармен сөйлескенде, осының бәріне сотқа келушілердің көзімен зер сала қарап, оларға ғимарат қолайлы ма, сот процесі мен актісі түсінікті ме,



Әріптестер арасында

судья адамдармен жылы сөйлесе ала ма?» деген сияқты судьялардың санасын сілкіндіретіндей мәселелерді көтерді.

Ең бастысы, сұрақ қоюмен шектеліп қалмай, соттың мінсіз қызмет атқаруына бағытталған жаңа менеджменттік әдістерге негізделген бағдарламалар жариялап, оны негізгі үш топқа бөлді. Атап айтқанда, а) «Сот жүйесінің жеті түйіні»; ә) «2018 жылға шұғыл жеңістер»; б) «Сот жүйесін дамыту тұжырымдамасы».

Соның ішінде, «Шұғыл жеңістер» бағдарламасы бойынша 2018 жылы сот процесін жүргізу мен сот актілерінің жаңа параметрлері жасалып, шұғыл түрде іске асырылды. Бұл бастама жемісті болды деуге толық негіз бар. Осы жылдар ішінде сот процесін жүргізу мен актілерін жазудың жаңа мәдениеті қалыптасқаны анық.

Сот қызметінің сапасын арттыру ешқашан өзектілігін жоймайтын, күн тәртібінен түспейтін мәселе. Оған қол жеткізудің бірден-бір тиімді құралы ретінде 2016 жылдан бері өткізіліп келе жатқан судьялардың кәсіби қызметін бағалау жұмысын айтуға болады.

– Осы орайда жақында сіздің осы судьялардың қызметін бағалау комиссиясының мүшесі болып сайланғаныңызды естідік. Абыройлы да, жауапты қызметке сайлануыңызбен құттықтаймыз. Комиссия жұмысына толығырақ тоқталсаңыз.

– Рақмет. Бұл мен үшін шынында да аса жауапты қызмет. Өйткені, әріптесіміздің қызметін бағалау, тіпті, олардың судья ретіндегі тағдырын шешу, яғни, кәсіби білім-білік деңгейінің төмендігі анықталған жағдайда судьяны қызметтен босату туралы шешім қабылдау оңай емес. Дегенмен, бұл сот қауымдастығына да, қоғамға да аса қажетті әрі маңызды жұмыс. Неге десеңіз, Конституциямыздың 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде, оның ең қымбат қазынасы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі жарияланған.

Осы құқықтық мемлекеттегі адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі сот билігі болса, судья – сот билігін жүзеге асырушы тұлға. Демек, судьяға заңдылық

пен әділдіктің кепілі, сақшысы ретінде оның кәсіби білім-білігі мен адамгершілік биік парасат қасиеттеріне қоғам тарапынан қойылатын талап та жоғары болатыны заңды құбылыс. Міне, судьяның кәсіби қызметін бағалауды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанында құрылған сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады. Комиссияның жеті мүшесі бар, олардың үшеуі – облыстық соттардың, үшеуі – Жоғарғы Соттың судьялары және біреуі отставкадағы судья. Олар Жоғарғы Соттың пленарлық мәжілісінде дауыс беру арқылы сайланады. Комиссия өз қызметін «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 26 маусымдағы Жарлығымен бекітілген осы комиссия туралы ереженің және комиссия регламентінің негізінде жүргізіледі.

– Судьяның білім-білігі мен кәсіби шеберлігі ол шығарған сот актілерінің бұзылу немесе өзгертілу деңгейімен бағалана ма әлде оның өзіндік бір өлшемдері бар ма?

– Жаңа аталған конституциялық заңға сәйкес судьяның кәсіби қызметін баға-

лау кезінде оның кәсіби білім деңгейі мен оны іс жүзінде дұрыс қолдана білудің негізгі көрсеткіші ретінде сот төрелігі сапасының көрсеткіштері, яғни, күші жойылған немесе өзгертілген сот актілері міндетті түрде ескеріледі. Сонымен қатар, баға объективті болу үшін автоматты түрде кездейсоқ таңдалып алынған бірнеше сот актісі мен сот мәжілісінің бейне және дыбыс жазбалары сарапталады. Соңғылары арқылы судьяның іскерлік және адамгершілік қасиеттерімен бірге, оның Конституция мен Судья әдебі кодексінде көрсетілген сот төрелігін іске асыру барысындағы мінез-құлқы да бағаланады. Осындай бағалау көрсеткіштері балл, яғни ұпайлармен есептеледі. Жоғары балл алған әріптестерге басы артық сұрақ, тексеріс болмайды. Ал кәсіби білігі бойынша ең төменгі көрсеткіш 8,97 ұпай алған судьялар мамандығы бойынша кейс есебін шығару немесе белгілі бір тақырыпта эссе жазу сияқты қосымша сынақтардан өтеді. Қосымша сынақтан тиісті ұпай жинаған судья басқа (мамандығы және жүктемесі бойынша жеңілдеу) сотқа ауыстырылуы мүмкін, ал қосымша сынақ бойынша да төмен көрсеткіш жинаған судья комиссия ұсынысы бойынша қызметтен босатылады.



Туғандармен бірге

– Бұл мәселеде өткен жылдардың нәтижелері қандай, статистика не дейді?

– 2019–2021 жылдар аралығында Республика бойынша барлығы 1 238 судья кезекті бағалаудан өткізіліп, оның 1 156-сы өз қызметіне лайық деп танылса, 63-і жүктемесі төмен соттарға ауыстырылған, ал 19 судья қызметтен босатылған. Биыл барлығы 513 судья кезекті бағалаудан өткізіледі, оның 13-і Жоғарғы Сот судьялары, 160-ы облыстық соттардың, 340-ы аудандық соттардың судьялары.

– Қазіргі қазылардың басым көпшілігіне қандай кемшілік тән, олар жұрт сенімін ақтау үшін нені ескерулері тиіс, жұмыс барысында не байқадыңыз?

– Жалпы, бүгінгі судьялар корпусының кәсіби білім-білігі жоғары деңгейде деп ай-



Ұлы Абдел-Азизбен

туға толық негіз бар. Дегенмен, жетілдіруді талап ететін де тұсы баршылық. Атап айтсақ, судьяның риторика, яғни көсемсөз бен шешенсөз өнерінің қарапайым қағидаттарын меңгеруі мен оны сот қызметінде пайдалана білуі. Бұл тұрғыда риторика деген не және оны процестік заң ережелерімен «маталып тасталған» сот ісін жүргізуде қаншалықты дәрежеде пайдалана аламыз деген сұрақ туады. Осыған жауап іздеп көрейік.

Адамзаттың екінші Ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «Риторика» туралы пәлсапалық трактатында «Риторика дегеніміз силлогистік өнер және оның мақсаты – көз жеткізу болмақ. Яғни, тыңдаушының жанына, жүрегіне қандай да бір нәрсеге көз жеткізушілікті қалыптастыратын құбылыс» дейді. Ал көз жеткізушілік риторикалық амалдар арқылы орындалады екен. Өз кезегінде көз жеткізушілік қандай да бір нәрсе туралы пікір болып қалыптаспақ дейді.

Сонымен әл-Фарабише айтқанда риторика өнерінің мақсаты – тыңдаушының тек суық ақылы ғана емес, ең бастысы оның жан-жүрегіне, сезіміне әсер ету арқылы қандай да бір ақиқатқа көзін жеткізу, сол көз жеткізу арқылы пікір қалыптастыру екен.

Аталған трактатында әл-Фараби бабамыз сөйлеушінің сыртқы келбетін, бет-әлпетінің жалпы көрінісін, тіпті, оның дене бөліктерінің жай-күйі мен қимыл-қозғалысын, үні мен дауыс ырғағына дейін тыңдаушының сезіміне әсер ететін риторика өнерінің құралы деп таныған.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсын атамыз риторика өнерін – көсемсөз, ораторлық өнерді – шешенсөз деп, көсем сөз – жазбаша айтылатын, әлеуметті тәрбиелеуге бағытталған сөз, шешен сөз – ауызша айтылған сөз өнері, мәдениеті деп жіктеп беріпті.

Енді судья қызметінің мақсат-мүддесін, міндетін осы тұрғыдан талдап көрейік. Судья дауға төрелік айтушы адам ретінде процесс жүргізу барысында сөз саптау, адамды тыңдау, тіпті, үні мен дауыс ырғағы арқылы да Шешендік шеберлігін, ал жазылған сот актісі арқылы өзінің кәсіби білігін, логикалық ойлау, талдау мәдениетін, яғни, Көсем сөз шеберлігін көрсетеді екен.



Қасиетті қара домбыраны қолға алғанда...

Бұдан басқа судьяның сырт келбеті (жинақы немесе ұқыпсыз), бет-әлпеті (ашық та байсалды немесе түксиген, қатулы қабақ), отырысы (тіктеліп, жинақы отыру немесе шалқайып, не керісінше бас көтермей, тұнжырап, төмен қарап отыру), тіпті, үні мен сөйлеу ырғағының (сыпайы немесе адуынды, байыпты не асығыс немқұрайды) өзі де дауласушы жақтардың процесс барысындағы мінез-құлық, іс-әрекетіне әсер етері анық. Ең бастысы көпшілікке сот, мемлекет билігі туралы пікір қалыптастырады.

Ақиқат, әділдік орнатудың соңғы инстанциясы ретінде сотқа жүгінген әрбір адамның сот туралы жеке пікірі көбейе келе қоғамдық пікірге ұласатынын ескерсек, судья өз қызметінде риторика өнерінің қарапайым талаптарын меңгеруге міндетті болмақ.

Осы салада Жоғарғы Сот басшылығының жоғарыда аталған «Шұғыл жеңістер» бағдарламасы бойынша 2018–2019 жылдары филология, риторика мамандары өңірлерге шығып, семинар, тренингтер өткізе бастаған болатын. Алайда, індет жайлаған жылдары бұл іс уақытша тоқтап қалды. Алдағы уақытта бұл бастама өз жалғасын табады деген

үміттеміз. Бүгінде Сот төрелігі академиясы арқылы аталған саланың мамандары судьяларға тиісті дәрістер оқып жатыр.

– Соттарға қойылатын талаптар жылдан-жылға қатаюда. Бұл оларға деген сенімсіздікті білдірмей ме? Мұны сұрап отырғаным, судья Президент жарлығымен тағайындалып, өз ісіне адалдық танытатыны туралы ант қабылдайды. Осының өзі олардың мойындарына қандай жауапкершілік алып отырғандарын сезіндіре алмай ма сонда?

– Рас айтасыз, судьяға қойылатын талап жылдан-жылға қатаюда. Кешегі қаңтар трагедиясынан кейін қоғамдық сана сілкінді, тозығы жеткен ескіден арылып, жаңаша қызмет ету – замана талабына айналып отыр. Бұл үрдістен сот жүйесі

де қалыс қала алмайды. Судьяның қызметін әр бес жыл сайын бағалау – ол судьяның қызметіне деген сенімсіздіктен емес, судья қызметінің сапасын жылдан-жылға арттыруға, мінсіз қызмет, мінсіз сот процесі және мінсіз сот актісі деңгейіне жеткізуге бағытталған шара деп ойлаймын. Сондай-ақ, мұндай бағалау әлемдік тәжірибеде бар нәрсе. Дамыған демократиясы мен ғасырлар бойы қалыптасқан сот жүйесі бар кәрі құрлық елдерінің өзі де судьяларын әр үш, кейбіреуі бес жыл сайын осындай кәсіби бағалаудан өткізіп отырады. Адвокаттар, тіпті, жыл сайын өткізіледі. Қызметтің қай түрі болмасын осындай қатаң сұрыптау арқылы ғана жоғары сапаға қол жеткізе алады деп ойлаймын.

– Қалай ойлайсыз, халық үніне құлақ асатын мемлекетке жету жолында халық белсенділік таныту керек пе әлде билік өкілдері ме?

– Біздің еліміздің жағдайында Егеменді ел болу бақытын баянды еткіміз келсе, бүкіл халық болып енжарлықтан арылып, халық үніне шұғыл құлақ асатын мемлекет құруға бел шеше кірісетін күн туды. «Қандай болсаңдар – солай басқарыласыңдар» деген



Балдай тәтті жиен немерелермен

қағидатты еске алсақ, мемлекет құраушы халықтың саналы да, сауатты әрі белсенді болуы әрине, билікке өз әсерін тигізеді. Ең бастысы, белсенділік заң мен тәртіп аясынан аспауы шарт. Шектен шығушылықтың арты не болатынын кешегі қаралы қаңтар көрсетті. Ал халық үніне құлақ асатын мемлекетті қалыптастыру түбінде кадр мәселесіне келіп тіреледі. Бүгінде біз мемлекетшіл, отансүйгіш рухта тәрбиеленген, елдің бүгіні мен ертеңіне шынайы қамқорлықпен, жанашырлықпен қарайтын, халық, ұлт мүддесін жеке бас мүддесінен жоғары қоя білетін кадрларға мұқтажбыз.

– Бұл мұқтаждықтың түп-төркінін немен байланыстырар едіңіз?

– Мемлекетті мемлекет ететін оның кадрлары ғой. Ұлт мүддесін, елдің ертеңін болжап қызмет ету – Егемендігімізді баянды етудің шарты. Кеше ғана қолымыз жеткен Егемендік ата-бабаларымыздың азаттық жолында үш ғасырдан аса тоқтаусыз жүргізген күресінің жемісі. Оның аржағында Тоныкөк қаған бабамыздың заманында-ақ тасқа қашап жазып, келер ұрпаққа аманаттап қалдырып кеткен «Мәңгілік ел болу» деген

асыл арманының, ұшқыр қиялының жемісі жатыр. Бабаларымыздың араға ғасырлар салып орындалған дұға-тілек, арман-қиялын көзіміздің қарашығындай сақтап, қорғап қана қоймай, оны саналы еңбегімізбен нығайтып, қуаттандырып, келесі ұрпаққа аманаттап табыстауды бүгінгі мемлекеттің басында, биліктің төңірегінде жүрген әрбір қызметкер өзінің қастерлі парызым деп терең түсінуі керек.

– Судьялық қызметіңізге жақында 27 жыл болады екен. Аллаға шүкір абырой-беделден кенде емессіз, бұл үшін судьяға қандай қасиет қажет деп ойлайсыз?

– Ең бастысы өз жауапкершілігіңді терең түсіну керек.

1994 жылы Қазақстан Республикасы мен Пакистан Ислам Республикасы Жоғарғы соттарының арасындағы келісім бойынша еліміздің судьялары Исламабад қаласында орналасқан Ислам университетінде бір ай тағлымдамадан өттік және олардың сот жүйесімен терең таныстық. Сол кездегі ислам құқығы ғалымдарының дәрістері санамда жатталып қалды. Олар айтады: «Қазы болу өзін-өзі мақтамен бауыздағанмен бірдей, себебі, адамдардың айтқанын істесең – Алланың ашуына қаласың, ал Алланың айтқанын істесең – адамдардың ашуына қаласың». Жаратушының қазыға ашуланатын екі себебі бар екен: 1) білімсіз бола тұра сұранып қазы болу және білімсіздіктен теріс үкім айту; 2) білімі бола тұра, біреудің ықпалымен қасақана теріс үкім айту. Жаратушының қазыға разы болу себебі – қазы болуға мәжбүрленген кезде әділдікпен үкім шығару екен. Тиісінше, Жаратушы ашуының салдары – тозақ, разылығы – жәннәт екен.

Бұл ішкі түйсікпен қабылданатын рухани жауапкершілік. Сонымен қатар, қоғам

алдындағы жауапкершілігіміз де бар. Әл-Фараби бабамыздың «Қайырлы қала тұрғындары» трактатында қайырлы қоғамды абсолютті бақытқа жеткізетін басты құндылық – әділдік екен. Кезінде дүркіреп тұрған әрбір империяның түбіне жеткен бір-ақ нәрсе – әділдіктің ақсауы дейді. Яғни, әділетсіз қоғамның байлары қылмыс жаса-са – олар жазаланбайды немесе жазаның ең жеңіл түрі қолданылады. Ал кедейлері қылмысты болса – жазаның ең ауыр түрі қолданылады. Содан қоғамда алауыздық туып, ондай қоғам түбінде құрдымға кетеді екен.

Алауыздықтың қандай салдарға әкелетінін кешегі қаңтарда көрдік. Сондықтан құдайдан қорқып, адамнан ұялып, Заңды құрметтеп, әділдік туын биік көтеріп қызмет ету – басты қағидатым.

– Алдағы күндері Конституциямызға өзгеріс енгізу туралы референдум жоспарланып отыр. Сізге ерік берілсе, Конституцияға қандай өзгеріс енгізер едіңіз?

– «Құлақ асатын Үкімет» қағидатын те-рендету мақсатында Конституцияның

61-бабына толықтыру енгізуді ұсынар едім. Аталған бапқа сәйкес заң шығару бастама-сы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі.

Демек, заң шығару туралы бастама көте-ру мемлекеттің атқару және заң шығарушы билік тармақтарына берілгенде, сот билігі осы құқықтан мақұрым қалған. Заңды қолданып, оның қайшылығы мен кем-кетігін күнделікті өз көзімен көріп, зерттеп-зерде-леп, елеп-екшеп сот билігінің осы заң баста-масы құқығынан қалыс қалуы – біріншіден мемлекеттік биліктің үш тармағы арасын-дағы тепе-теңдік қағидатына кереғар болса, екіншіден, ұлттық заңнаманы жетілдіру жұ-мысына жедел және жоғары кәсіби деңгей-де үлес қоса алатын бірден-бір білікті сала-ның әлеуеті, зор мүмкіндігі пайдаланылмай отырғанына «әттеген-ай» деп ішім ашиды.

Келесі ойым – сот билігіне халықтың сенімін арттырудың бірден-бір жолы ретінде судьяларды сайлау жүйесіне көшіру туралы ұсыныс айтар едім. Бұл халықтық демокра-тияға жасалған батыл қадамы әрі халықтың сот билігіне деген сенімін арттыру құралы болар еді. Қазір болмаса да әйтеуір бір кезде бұған да келеміз деп ойлаймын.

– Жүйкеге салмақ түсіретін жұмыста жүрсіз. Неден рухани қуат аласыз?

– Адамның жасына қарай қуат, шабыт көз-дері де өзгеріп отыратын сияқты ғой. Бала кезден кітап оқу, ән айту, билеу, тігу-тоқу си-яқтылардың бәрін жақсы көрдім. Бір кездері абстракция мәнерінде шимай сурет салуға әу-естенгенім де бар. Ал қазір көбіне ізденетінім руханият тақырыбындағы ілім-білім.

– Неге абстракцияны таңдадыңыз?

– Біріншіден, нақты бейнелі сурет сала алмаймын, ондай өнерім жоқ. Екіншіден, абс-тракциялы бейнені айналдыра отырып қа-расаңыз, бір суреттің өзінен қиялыңыздың жеткенінше әр түрлі бейне образ көруге бо-лады. Бұл өзі бір адамның ішкі тылсым, ру-ханият дүниесінен хабар беретін өнер.

– Әңгімеңізге үлкен рақмет.



Қиялдан туған туынды

Сұхбаттасқан,
Т. ИБАШЕВА

БІЛІМ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІКТІҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

Қазіргі таңда қазақстандық қоғамның демократиялық саяси жүйесінде ұлттық қауіпсіздіктің алатын орны ерекше. Ұлттық қауіпсіздік тек қарулы күшпен ғана қамтамасыз етілмейді. Әлемдегі ғаламдану процесі мен өзара тиімді экономикалық байланыстардың дамуы ұлттық қауіпсіздіктің құрылымын күрделендіруде, атап айтсақ, экономикалық, сыртқы, экологиялық, ақпараттық, қоғамдық қауіпсіздік салалары өзектілік пен басымдылыққа ие.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы заңының 4-бабына сәйкес, ұлттық қауіпсіздіктің түрлері: 1) қоғамдық қауіпсіздік; 2) әскери қауіпсіздік; 3) саяси қауіпсіздік; 4) экономикалық қауіпсіздік; 5) ақпараттық қауіпсіздік; 6) экологиялық қауіпсіздік болып бөлінеді. Білім беру саласындағы қауіпсіздік – қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементі саналады.

Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаев өз жолдауларында мемлекет дамуының негізі болып саналатын білім мен ғылымды қарқынды дамыту, сондай-ақ, педагогтарды әлеуметтік қолдау мәселесіне ерекше назар аударып келеді.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы.

Жоғарыдағы заңның 5-бабының 7-тармағына сәйкес, елдің білім және ғылыми әлеуетінің қоғам мен азаматтардың әлеуметтік-экономикалық, инновациялық және зияткерлік даму қажеттіліктеріне лайықты деңгейі мен сапасына қол жеткізу және оны сақтап тұру ұлттық мүддені құрайды. Алайда, қолданыстағы заңнамада «білім беру саласындағы қауіпсіздікке» нақты анықтама берілмеген. Осыған байланысты «білім беру саласындағы қауіпсіздік» ұғымын айқындап, кешенді зерттеу қажет және Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Ұлттық қауіпсіздік туралы» қолданыстағы заңдарына тиісті өзгерістер енгізу қажет.

Білім беру саласындағы қауіпсіздік мәселелері кешенді ғылыми зерттеу жүргізуді қажет етеді. Білім беру саласына қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мынадай деңгейлерін бөліп көрсеткен жөн:

- білім беру жүйесінде білім алушылар мен жұмыс істейтіндердің қауіпсіздігі;
- білім беру мекемелерінің және олардың инфрақұрылымының қауіпсіздігі;
- білім беру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік;
- білім беру саласындағы экономикалық қауіпсіздік;
- білім беру мазмұнының қауіпсіздігі;
- жалпы еліміздің білім беру жүйесінің қауіпсіздігі.

Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасында ұлттық қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы факторларында кездесетін «қатер» термині бастапқы санат ретінде қолданылады. Ұлттық қауіпсіздік туралы заңның 6-бабында елдің денсаулық сақтау, білім және зияткерлік әлеуеті деңгейі мен сапасының төмендеуі ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлеріне жатқызылады. Соңғы уақытта, білім беру саласында білім беру және тәрбиелеу жүйесі сапасының ұдайы төмендеуі байқалады. Сандық көрсеткіштер (қаржыландыру, жаңа заңдардың қабылдануы, білім беру қызметкерлерінің материалдық мәртебесінің біршама артуы) мен білім беру, тәрбие жүйесінің сапалық параметрлері арасындағы сәйкессіздік шиеленісе түсті. Университеттер санының күрт өсуі түлектердің кәсіби біліктілігі мен азаматтық мәдениеттің өсуіне емес, керісінше, олар-

дың құлдырауына әкелді. Білім беру саласындағы қауіпсіздіктің тағы бір қатері – сыбайлас жемқорлық. Түлектердің ҰБТ тапсыру кезінде, сондай-ақ, «Болашақ» бағдарламасына тапсыруда сыбайлас жемқорлық белең алатыны анық аңғарылады.

Қазіргі жағдайда білім беру жүйесінде және ең алдымен жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде ішкі бақылау, ішкі қауіпсіздік, өзіндік экономикалық қауіпсіздік қызметтерін ұйымдастыру туралы мәселе өзекті болып табылады. Сонымен бірге, осы құрылымдық бөлімше туралы ережені бекіту қажет.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде білім беру саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мынадай бағыттарына ерекше назар аудару маңызды:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы заңының ережелерін ескеріп, білім беру саласындағы қауіпсіздіктің теориялық ережелері мен ұғымдық аппаратын, қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұғымдары мен санаттарын әзірлеу;

2) Білім беру мекемелерінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемаларын зерттеу. Білім беру ұйымдарында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізу көбінесе қаржы ресурстарының пайдаланылуына, ең алдымен бюджет қаражатының тұрақты түсуіне байланысты болады.

3) Білім беру мазмұнының қауіпсіздігі, білім беру мекемелерінің білім беру бағдарламаларының мемлекеттік білім беру стандарттарын және әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестігіне қатысты мәселелерді зерттеу. Қазіргі уақытта білім берудің барлық деңгейіндегі білім беру бағдарламаларының мазмұны білім беру сапасының мемлекеттік және әлемдік стандарттарына сәйкес келе бермейді. Осыған байланысты зерттеу шеңберінде білім берудің әртүрлі сатыларының білім беру бағдарламаларына білім берудің мемлекеттік және әлемдік сапа стандарттарына сәйкестігіне талдау жүргізу жоспарлануда.

4) Білім беру саласында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін әзірлеу. Ақпараттық қауіпсіздік ақпаратты тиімді пайдалану процесін қиындататын сыртқы және ішкі қатерлерден ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстарды қорғаудан тұрады. Мысалы, жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде оқу процесінде және т.б. білім беру ұйымдарында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар мен ұсынымдарды әзірлеу жоспарлануда.

5) Білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық проблемаларын, қызметкерлердің қыл-

мыспен және өзге де мүдделі жеке және заңды тұлғалармен байланысын зерттеу және оларды жою тетіктерін әзірлеу, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылықтың бұлтартпастығын қоса алғанда, білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Зерттеулерге сәйкес, сыбайлас жемқорлық кез келген өзгерістерге, соның ішінде білім беру саласына қауіп төндіретін экономикалық өсу мен дамуға ең үлкен кедергі болып табылады. Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың шарты – жолға қойылған тиімді кадр саясаты яғни, жасампаз шығармашылық кәсіби мамандарды дайындап, ел игілігіне қызмет істеуге жұмылдыру.

6) Білім беру жүйесінде, оның ішінде жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде, ішкі бақылау, ішкі қауіпсіздік, өзіндік экономикалық қауіпсіздік қызметтерінде ұйымның құқықтық негіздерін әзірлеу. Білім беру саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында білім беру саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету салалары мен қауіпсіздікке төнетін қатерлерді нақты белгілей отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде ішкі бақылау қызметтерін құру қажет.

Аталған бағыттарды кешенді шешу мемлекетке білім беру саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін ескере отырып, білім беру саласын одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Білім беру – мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздіктің стратегиялық маңызды элементі және ұлттық қауіпсіздіктің тәуекелдері мен қауіптерін ескере отырып, қазақстандық білім беру жүйесін одан әрі дамыту және олардың алдын алу мен жою үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану өте маңызды.

ҚР Конституциясында білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларында мемлекеттік кепілдіктер берілетіні анық жазылған. Дамыған елдердің тәжірибесіне қарап, білім беру мен денсаулық сақтау, ғылымды дамыту, спорт, жұмыспен қамтуға бағытталған реформалар мен инвестицияның нәтижесінде ұлт өмірін сапалы қылуға, постиндустриалды қоғам талаптарына жауап беретін интеллектуалды қоғам орнатуға, табысты жастарды тәрбиелеуге болатынына көз жеткіземіз. Мемлекеттің әр қадамы нәтижелі болу үшін тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі де жоғары болуы тиіс.

Күләш АЙДАРХАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
заң факультетінің
доценті, з.ғ.к.

ІС ЖҮРГІЗУДЕ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қазіргі таңда мемлекетіміздің даму бағыты айқын. Яғни, Қазақстанның 2050 стратегиясында көрсетілгендей, басты мақсатымыз – құқықтық мемлекет құрып, өркениетті, озық елдермен тереземізді теңестіру. Бұл бағытта ұлттық сот төрелігі заң үстемдігін қамтамасыз етудің және қоғамдағы тұрақтылықтың сенімді кепіліне айналды.



Мұхит МҰҚАШЕВ,
Маңғыстау облысының мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Әкімшілік сот ісін жүргізу – бұл сот ісін жүргізудің жаңа нысаны. Мұны айтып отырғанымыз, қолданысқа берілгеніне бір жылға жуықтаған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте қарапайым азаматтардың заңды мүд-

делері мен құқықтарына мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері, лауазымды тұлғалар тарапынан келтірілген заңсыздықтардың алдын алу қарастырылған. Себебі, бұл заң соттардың

белсенділігін арттырып, олардың талап қоюшыларға барынша көмек көрсетуін көздейді.

Соттың талапкерге формальды қателерді жоюға, әкімшілік істің мәні бойынша өтініш беруге, қажетті мәліметтерді толықтыруға, процестің барлық сатысында істің мән-жайын толық айқындау және объективті бағалауда маңызды түсініктемелерді ұсынуға жәрдем етуі өз кезегінде істерді қарауда бюрократиялық көзқарасты болдырмайды. Бұған қоса дауды әуре-сарсаңсыз жедел шешуге ықпал етеді.

Іс жүргізуде сот талқылауының маңызы зор. Осы тұрғыда айтар болсақ, әкімшілік істерде сот талқылауы ауызша жүргізіледі. Бірақ, бұл норма жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралатын істерге қолданылмайды. Яғни, жазбаша талқылау тәртібінде іс ауызша талқылау жүргізілмей қаралады. Жазбаша талқылау кезінде қосымша өтінішхаттар мен құжаттарды ұсыну уақыты тағайындалады.

Әкімшілік істердегі дәлелдемелер сот талқылауында тікелей зерттеледі. Сотта тараптардың, сондай-ақ, әкімшілік процестің басқа да қатысушыларының түсініктемелері тыңдалып, куәлар мен сарапшылардың айғақтары, заттай дәлелдемелер тексеріледі. Іске қатысты құжаттарға, дыбыс және бейне жазбаларға, т.б. материалдарға айрықша мән беріліп, дәлелдемелерді зерттеуге қажетті әрекеттер жасалады.

Айрықша жағдайларда, мысалы, процеске қатысушылардың ауызша түсініктерін тікелей тыңдау мүмкін болмаса, сотта олардың әкімшілік рәсім барысында алынған айғақтары жария етіледі. Қажет болса, дәлелдемелерді зерттеу барысында мамандар тартылады.

Түпкілікті шешімдер мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қамтитын құжаттарды қоспағанда тікелей сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге негізделеді. Айтып өтерлігі, әкімшілік істе судья немесе соттың құрамы өзгермей-



ді. Осы кодекстің 111-бабында көрсетілген жағдайларға байланысты судья ауыстырылса іс басынан бастап талқыланады.

Сот талқылауына жауапкер міндетті түрде қатысуы керек. Олай болмаса сотпен ақшалай өндіріп алу шарасы қолданылады. Егер толық және жан-жақты қаралуына кедергі келтірмесе әкімшілік іс жауапкердің қатысуынсыз қарала береді.

Алдымен процеске қатысушыларға істің қаралатын немесе жекелеген процестік әрекеттердің жасалатын уақыты мен орны хабарланады. Олар сотқа тиісті ұйғарым шығарылған не сот талқылауы тағайындалған күннен бастап шақыртылады. Әкімшілік процеске қатысушылар сотқа келуге міндетті. Қатысушылар жазбаша, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында соттың істі өздерінің қатысуынсыз қаруын және сот актісінің көшірмелерін сұрата алады.

Әкімшілік іске қатысатындардың хабар ала тұра келмей қалуы сот отырысын өткізуге кедергі болмайды. Егер сотқа қатысуы міндетті адамдар келмесе, сот оларға процестік мәжбүрлеу шараларының бірін

қолданады. Мысалы, процестік мәжбүрлеу шаралары 123-баппен ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу болып белгіленген. Процеске қатысушылардың немесе өкілдерінің келмеуі әкімшілік істі қарауға толық мүмкіндік бермесе, сондай-ақ, талап қоюдың нысаны мен негізі өзгерсе және процеске әкімшілік істің жаңа қатысушылары тартылса істі талқылау кейінге қалдырылады.

Сот құқықтық салдарды алдын ала түсіндіре отырып, талап қою талаптарын тұжырымдап, өзгертуге жәрдем көрсетеді. Бұған қоса сот талқылауы барысында судья әкімшілік қалау шектерінің артып кетпеуін және олардың ел заңнамасында белгіленген әкімшілік актіні қабылдау мақсаттарына сай келуін тексереді.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің жалпы қағидаларына келсек, алдымен талап қою тіркеледі. Бұдан соң келіп түскен әкімшілік іс бойынша тиісті әрекеттер жасалып, алдын ала тыңдау өткізіледі. Сот талқылауы болады. Сот шешімі шығарылып, жария етіледі және түсіндіріледі. Соттың шешімі орындауға жіберіліп, оның орындалуын сот бақылауына алады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте нақтыланғандай, әкімшілік істі мәні бойынша шешпейтін сот актісі ұйғарым нысанында шығарылады. Судья ұйғарымды сот отырысында да, одан тыс та шығаруы мүмкін. Ауызша тыңдау барысында шығарылған ұйғарым немесе оның қарар бөлігі дереу жария етіледі. Ал түпкілікті нысандағы ұйғарым қарар бөлігі жария етілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде әзірленеді.

Сот шешімі ауызша талқылау біткен соң он жұмыс күні, іс күрделі болған жағдайда бір ай ішінде дайындалады.

Тағы бір айта кетерлігі, уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру бойынша шешімдері мен қорытындыларына, сондай-ақ, нұсқамаларына және сот орындаушысының әрекет-әрекетсіздігіне дау айту туралы әкімшілік істер сот отырысында талқылау тағайындалған күннен бастап он жұмыс күнінде қаралып, шешіледі.

Заңды күшіне енген сот актілерін, сон-

дай-ақ, соттар мен судьялардың сот төрелігін іске асыру кезіндегі өкімдерін, талаптарын, тапсырмаларын және шақыруларын, сұрау салуларын, т.б. – барлық мемлекеттік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды, жеке тұлғалар, лауазымды адамдар орындауға міндетті.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сотқа дейінгі міндетті шағым жасау енгізілуін заңның ерекше артықшылығының бірі деуге болады. Ең бастысы, бұл институт тепе-теңдікті қамтамасыз етуімен, сот шығындарына жол бермеуімен және шағымды қараудың жедел өндірісін қалыптастыруымен құнды. Сонымен қатар, ӘРПК нормалары төменгі сатыдағы органдар қызметіне ведомстволық бақылауды арттырды. Мұндай бақылау әкімшілік актілердің біркелкілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, әкімшілік органдардың бірдей жағдайда әртүрлі акті қабылдауына жол бермейді.

Кодекстегі тағы бір маңызды ерекшелік – актіге шағым түскен соң әкімшілік орган оны жоғары тұрған органға жібермей үш жұмыс күнінде қатені түзетуге, істі бітімгершілікпен аяқтауға мүмкіндік берілген. Сонымен қатар, жоғары тұрған орган төменгі органның қабылдаған ауыртпалық түсіретін актісін жөнсіздігі үшін заңсыз деп танып, оның күшін жоюға құқылы.

Әкімшілік әділет институтын нығайту жоғарыда айтқанымыздай, ең алдымен азаматтарды мемлекеттік билік органдарының заңсыз әрекеттерінен қорғайды. Бұл ретте, аталған институт өзіне жүктелген міндеттерді толық орындауда деуге болады.

Қорыта айтқанда, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енгелі әкімшілік соттарға келіп жатқан талап қоюлар аз емес. Халық тарапынан өз құқықтарын қорғауда белсенділік байқалуда. Мысалы, олардың басым бөлігі сот орындаушыларының әрекеттері-әрекетсіздігіне шағымданады. Салық заңнамасынан, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу саласында туындайтын дауларға қатысты да талаптар жетерлік. Жүйедегі оңды өзгерістерді қоғамдық қатынастардың түйткілдерін реттеудің бірден-бір құралы деуге толық негіз бар.

ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ СОТ БАҚЫЛАУЫ

Әкімшілік орган қызметінің ерекшелігі оның заңдылығына соттың бақылауын қажет етеді. Себебі, соттар атқарушы билікке бақылауды жүзеге асырып, азаматтардың құқықтарын теріс пайдаланудан қорғайды. Әкімшілік іс жүргізудегі сот бақылауын екі аспект бойынша қарауға болады.



Біріншісі, ол әкімшілік органдардың әкімшілік билікті, мемлекеттік және өзге де қоғамдық өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын бақылау. Мысалы, мемлекеттік орган әкімшілік қалауды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген шектен асып кетуін және әкімшілік қалауды жүзеге асырған кезде белгіленген құқықтарына сәйкестігін сот қадағалайды.

Екіншісі, ол соттардың шешімді орындаудағы қадағалауы. Сот дауды мәні бойынша шешетін сот актісі шешім нысанында шығарылады. Заңды күшіне енген сот актілері барлық мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, лауазымды адамдар үшін міндетті

болып табылады әрі Республиканың бүкіл аумағында орындалуға тиіс.

Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде жауапкерге жібереді. Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті, бұл туралы сотқа хабарлауға тиіс.

Соттың шешімі ерікті түрде орындалмаған жағдайда, сот отырысы тағайындалып, судья соттың шешімін орындамаудың себептерін анықтайды. Егер соттың шешімі дәлелсіз себептермен орындалмаса, судья 50 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды мемлекеттік органның өкіліне қолданады және соттың ұйғарымында шешімді орындаудың мерзімін көрсетеді.

Сот актісі екінші рет орындалмаған жағдайда, тұлғадан 10 АЕК қайтадан өндіріледі. Яғни, сот шешімі белгіленген мерзімде ерікті түрде орындалмаса 50 АЕК ақшалай өндіріп алу қолданылады. Екінші рет орындамаған жағдайда қайтадан 10 АЕК салынады, яғни, 60 АЕК өндіріп алынады. Одан кейін де соттың шешімі орындалмай жатса, 6 айға дейін және 100 АЕК-ке дейін ақшалай өндіріп алуды сот қолданады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 669-бабымен сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамаған кезде әкімшілік жауапкершілік көзделген. Алайда, осы баптың талаптары ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес, процестік мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін әрекеттер мен әрекетсіздікке қолданылмайды. Әкімшілік соттың шешімін орындамаған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылмаған.

Сонымен қатар, заңды күшіне енген сот шешімін 6 айдан астам орындамаған кезде ҚР Қылмыстық кодексінің 430-бабымен қылмыстық жауапкершілік көзделген. Осыған байланысты, егер соттың шешімі 6 айға дейін орындалмаған жағдайда сот 100 айлық есептік көрсеткіштің шегіне жеткенге дейін ақшалай өндіріп алуды қолданады, егер де 6 айдан астам орындалмаса, сот қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы материалды прокурорға жолдайды.

2022 жылдың бірінші тоқсанында Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының шешімдері уақытылы орындауға жіберіліп, оларды жауапкерлердің уақытылы орындағаны қадағаланады. Алайда, 1 әкімшілік іс бойынша мемлекеттік органдармен соттың шешімі белгіленген мерзімде орындалмағандығы жөнінде айта кетсек. 2021 жылғы 3 желтоқсандағы соттың шешімімен ЖШС-нің талап қоюы қанағаттандырылып, мемлекеттік органдардың мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудағы әрекеттері заңсыз деп танылды. Сот 1 ай мерзімде заң бұзушылықтарды жоюды міндеттеді. Соттың шешімі 2021 жылдың 24 желтоқсанында заң күшіне еніп, орындалуға жолданған. Алайда, 1 ай ішінде соттың шешімі орындалғандығы туралы жауапкерлер хабарламағандықтан, соттың ұйғарымымен мемлекеттік органдардың басшыларына 50 АЕК, яғни 153 150 теңге ақ-

шалай өндіріп алу шешімі қолданылды. Одан кейін де, соттың ұйғарымында белгіленген мерзімде сот шешімі орындалмай, қайтадан 60 айлық есептік көрсеткіш, яғни, 183 780 теңге ақшалай өндіріп алу мемлекеттік органның басшыларына қолданылған. Соттың шешімі 3 ай бойы орындалмады. Жоғарыда көрсетілгендей 6 айдан астам шешім орындалмаса сот қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы шараларды қолданады.

Шешімді орындау соттың қадағалауында, заңды күшіне енген сот актілері барлық мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар үшін міндетті және орындалуға тиіс екендігін атап кету қажет.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 172-бабымен соттың ақша сомасын өндіріп алу туралы шешімін мәжбүрлеп орындату көзделген. Жауапкерді ақша сомасын төлеуге міндеттейтін, ерікті түрде орындалмаған соттың шешімі атқару парағының негізінде мәжбүрлі түрде орындалады, ол талап қоюшының арызы бойынша жазып беріледі.

Атқару парағының мазмұны, оны жазып беру мен сот орындаушысының қаулыларын санкциялау тәртібінде осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің қағидаларында айқындалады. Мысалы, қысқаша істің мән-жайы, азаматшаның паспорты жоғалған құжаттар тізімінде енгізілгендіктен, соңғы ұшаққа отырғызылмай, шетелге шыға алмаған. Содан соң азаматшаның паспорты жарамды екендігі анықталған. Мемлекеттік орган деректерді қате енгізген, яғни, бұрын жоғалған жеке куәліктің нөмерінің орнына паспорттың мәліметтері енгізілгендігі анықталды. Осыған байланысты, соттың шешімімен талап қоюшының арызы қанағаттандырылып, мемлекеттік органның әрекеттері заңсыз деп танылып, азаматшаның пайдасына 765 400 теңге залал өндірілді.

Қорытындылай келе, сот бақылауы мемлекеттік органдардың қызметінде заңдылықтың кепілі ретінде жүзеге асырылады, бұл ретте сот бақылауы іс жүргізу нормаларын қатаң сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс.

М.ШАРИПОВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

ТАРАПТАРҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК ЖАСАЛАДЫ



Нұрбол СЕЙЛОВ,
Алматы қаласының мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын атқарушы биліктің заңсыз әрекеттерінен қорғауға кепілдік етеді. Аталған кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдері, оларды жүзеге асыратын қатынастар, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді.

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісі заңдылық, әділдік, құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау, мөлшерлестік, әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері, құқықтар басымдығы, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу, анықтық презумпциясы, соттың белсенді рөлі,

әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі, сот актілерінің міндеттілігі қағидаттары негізінде жүргізіледі.

Заңдылық қағидатына сай, әкімшілік орган мен лауазымды адам әкімшілік рәсімдерді өз құзыреті шегінде сондай-ақ, осы кодекстегі және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарымен жүзеге асырады. Ал,

соттар бұл тұрғыда Ата Заңды, конституциялық заңдарды, аталған кодекс пен тиісті нормативтік құқықтық актілерді, халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

Заң мен сот алдында жұрттың барлығы тең болғандықтан, елімізде ешкімге артықшылық берілмейді. Сот процесі ашық жүргізіледі және оған қатысушылар іс материалдарымен, соған орай қабылданған шешімдермен, құжаттармен таныса алады. Сотта процесс жүргізілетін тілді білмейтіндерге аудармашы қызметі ұсынылады.

Істі қарау барысында әкімшілік орган, лауазымды адам, сот қай-қайсысының болсын бейтараптылық сақтап, іске қатысушыларға теңдей мүмкіндік жасау әділдік қағидатымен міндеттелген. Заңда немесе тараптар келісімінде сотпен шешілуі тиіс мәселе болса, судья әділдік пен ақылға қонымдылық өлшемшарттарын негізге алып, шешеді.

Құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау қағидатына орай, әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Мөлшерлестік қағидаты әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Бұл ретте, әкімшілік акт, әкімшілік әрекет пен әрекетсіздік мөлшерлес, яғни, жарамды, қажетті және пропорциялы болуға тиіс.

Әкімшілік сот ісін жүргізу ақылға қонымды мерзімде, мысалы, шағымды жедел тәртіпте қарауға 20 жұмыс күні берілген. Даулар апелляцияда 3 ай, кассацияда 6 айға дейінгі мерзімде қарау қарастырылған. Ескерерлігі, ақылға қонымды мерзім істердің жекелеген санаттарында қолданылмайды.

Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттарын бұзу актілерді, әкімшілік әрекеттер мен әрекетсіздікті заңсыз деп тануға, сондай-ақ, шығарылған сот актілерінің күшін жоюға әкеледі.

Әкімшілік рәсімдер туралы заңнамадағы барлық күмән-қайшылықтарда рәсімге қатысушының пайдасына басымдық беру құқықтар басымдығы қағидатымен нақтыланған. Егер іс материалдарына, құжаттар мен мәліметтерге күмән болса әкімшілік орган мен лауазымды адам олардың шынайылығын дербес тексеруге құқылы.

Осы кодекс соттарды белсенділікке ие етуімен ерекшеленеді. Судья процеске қатысушылардың түсініктеме-арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдәйектемелермен қоса өз бастамасымен де іс үшін маңызды мән-жайларды жан-жақты зерттеп, белсенділік таныта алады. Сонымен қатар, ол әкімшілік істің нақты немесе заңды тұстарына өзінің пікірін алдын ала білдіруге құқылы. Айта кетерлігі, мұндай принцип азаматтық немесе қылмыстық іс жүргізуде болмаған тың жаңалық ретінде бағалауға болады.

Осы заңмен дау айту, мәжбүрлеу, іс-әрекет жасау, тану секілді талап түрлері айқындалған. Іс талап қойылған сәттен бастап қозғалады және ол ақылға қонымды мерзімде қаралады. ӘРПК-да белгіленген процестік мәжбүрлеу шарасының бірі ақшалай өндіріп алу – соттың талаптарын орындамаған, шақыртуына келмеген, т.б. жағдайларда қолданылады. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен медиация, әлемдік немесе партисипативтік келісім секілді татуластыру рәсімдері де көзделген.

Мемлекеттік органдардың да өз құзыреті шегінде сотқа жүгіну мүмкіндігі бар. Қандай жағдайда да, олар сотқа басқа немесе айқындалмаған тұлғалардың бұзылған, дау айтылатын заңды мүдделерін қорғау туралы талап қояды. Мұндай талаппен сотқа жеке және заңды тұлғалар осы кодексте белгіленген тәртіпте жүгінеді. Прокурор сотқа өз міндеттерін іске асыруда талап қоюға құқылы.

Құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен тәуелсіз елімізде азаматтардың құқықтық сауатын көтерудің маңызы зор. Бұл мақсат ел заңдарын ұдайы насихаттауды талап етеді. Сол талап үдесінен шығуға баршамыз атсалысуға міндеттіміз.

БАСТЫ МІНДЕТ – ДҰРЫС ЖӘНЕ ӘДІЛ ШЕШІМ ШЫҒАРУ

Егемендіктің биік белесіне жеткен елімізде сот төрелігін дамыту, ашықтығын арттыру, халықтың сот жүйесіне деген сенімін қалыптастыру мақсатында ауқымды реформалар тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Ал бүкіл мемлекеттің атынан сотқа түскен істер бойынша шешім шығарып, сот төрелігін жүзеге асыратын, сот билігін атқарушы – судья болып табылады. Ежелден дана халқымыз «Әділ бидің елін дау араламайды, Әділ патшаның елін жау араламайды», «Дауды шешен бітірмейді, би бітіреді», – деп әділ билерін ерекше дәріптей білген.



Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

Ата Заңымызда – судьяның сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынатыны, қазылардың өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідірілуі мүмкін екені көрсетілген. Шын

мәнінде, сот төрелігін жүзеге асырушы, сот таразысына түскен әр адамның тағдырына әділ үкім шығарушы ретінде білімді адамдардың тағайындалуы аса маңызды. Осыған орай, елімізде судья боламын дегендерге талап күшейді.



Алдымен судьялыққа үміткер психологиялық тестілеу сатысынан өтеді. Ол сыннан өтсе ғана заңдардан тест тапсырып, арнайы кейстерді шешеді. Одан әрі эссе жазады, әңгімелесуден өтеді. Осылайша іріктеуден білімі әрі білігімен «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, озып шыққандар ғана тағайындала алатыны құптарлық. Себебі, қоғам бүкіл сот жүйесіне судьяның біліміне, шығарған сот актілеріне, одан қала берді әдебі мен мәдениетіне қарай баға береді. Өкінішке орай, «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демекші, адалдық пен ардан аттап, шалыс басқан әріптестеріміз де жоқ емес. Деректерге көз салсақ, 2019 жылдан бастап нақты істер бойынша өрескел заң бұзушылықтарға жол берген, кәсіби деңгейі төмен 174 судья қызметінен босатылып, лауазымынан төмендетілген екен. Бұл осыған дейінгі 10 жылды қоса алғандағы көрсеткіштен шамамен 3 есе көп. Ал, судьяның мінез-құлқының әдеп қағидаттары Судьялық әдеп кодексінен бастау алуы тиіс. «100 нақты қадам» Ұлт жоспары-

ның 19-қадамында судьялардың есеп беру тәртібін күшейту, судьялардың жаңа этикалық кодексін жасау тапсырылғаны белгілі. Венециялық комиссия сарапшылары, сот корпусы мен құқықтанушы ғалымдардың терең ойлары мен көзқарастары, халықаралық құжаттардың ережелері негізінде әзірленген кодекс еліміздегі судьялардың VII съезінде қабылданды. Осынау 15 баптан тұратын кодекс бүгінде әр судьяның жұмыс үстелінен табылуы тиіс маңызды құжатқа айналды. Аталған кодексте судьялардың тәуелсіздігі, объективтілігі, теңдігі, адалдығы мен сатылмайтындығы, құзыреттілігі мен ұқыптылығы және әдеп нормаларын сақтауы егжей-тегжейлі жазылған. Тағы бір айта кетерлігі, кодексте белгіленген жүріс-тұрыс қағидаларын еліміздің барлық судьяларынан бөлек, отставкадағы судьялар да мүлтіксіз сақтауы тиіс.

Алғашқы бабында-ақ судья берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз жүріс-тұрыс

көріністеріне жол бермей, лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауы, сот билігінің беделін түсіруге әкеп соғуы және абыройына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттерден аулақ болуға тиістігі нақтыланды. Сондай-ақ, судья өзінің кәсіби қызметін атқарған кезде заңға ғана бағынып, сырттан ықпал етуге, яғни «әке», «көкеге» жол бермей, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұруы қажет. Одан бөлек, әрбір қазы сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін көрсете білуі тиіс. Мәселен, судья эмоцияға жол бермей, өзін лайықты, әдепті ұстау арқылы процеске қатысушылар мен өзге де сот отырысына қатысушы адамдардан сондай қарым-қатынасты талап етуге және сот төрелігінің әділдігі олардың күмәнін туғызбауы үшін шаралар қолдануға тиіс. Ал, сот төрағасы (алқа төрағасы) ұйымдастырушылық-өкімдік өкілеттіктерді жүзеге асырған кезде судьялардың тәуелсіздігін шектейтін іс-әрекеттерге жол беруге, қысым көрсетуге, судьялардың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне ықпал ету мақсатында өзге де әкімшілік ықпал ету әдістерін қолдануға құқылы емес. Сонымен қатар, барлық судья беделіне нұқсан келтіретін қоғамдық іс-шаралар мен өзге де көпшілік орындардан аулақ болуға тиіс екенін атап өткен жөн.

Қызметтен тыс кезде де өзінің судьялық қызметке деген зор жауапкершілігін ұмытпауы шарт, яғни қызмет бабын өз жеке басының мүдделері үшін пайдаланбауы қажет. Кодекстің 9-бабына сәйкес, судья сот қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында кәсіби көрсетілуіне ықпал етуге тиіс, яғни, судья бұқаралық ақпарат құралдарына істі қараудың процестік сатылары туралы мәліметтерді, қабылданған сот шешіміне түсіндірмелерді, материалдық және процестік құқықтың нормаларын қолданудың қалыптасқан сот практикасы туралы ақпаратты бере алады. Осы орайда, шынайы берілген ақпарат сот төрелігінің беделін арттыруға ықпал ететіні даусыз. Судья жеке таныстық пен байланыстарда талғампаз болуға тиіс, одан қызметтік

тәуелділіктегі адамдармен, өндірісіндегі істер бойынша сот процестерінің қатысушылары болып табылатын адамдармен қаржылық міндеттемелерді туындататын азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасасудан бойын аулақ ұстауы қажет. Судьялық әдеп кодексінде судьяның әдеп нормаларынан бөлек жауапкершілігі де екшеленген. Мәселен, сот билігінің беделін түсіруге әкеп соққан және судьяның абыройына нұқсан келтірген осы кодекстің ережелерін бұзу судьяны заңға сәйкес тәртіптік жазаға тарту үшін негіз болып табылады.

Азаматтардың шағымы бойынша судьяларға қатысты қоғамдық ықпал ету шаралары да қолданылуы мүмкін екендігі «тайға таңба басқандай анық». Ата Заңымыздың, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңның және халықаралық жалпы жұрт таныған принциптері мен нормалары, судьялардың жүріс-тұрысының Бангалорлық қағидаттары мен қағидалары ескерілген Судьялық әдеп кодексінің талаптарын сақтау біздің басты міндетіміз. Маңғыстау облыстық сотында судья әдеби жөніндегі комиссия жұмыс істеп келеді. Басты мақсат – судьялардың Судьялық әдеп кодексінде көрсетілген этикалық нормалары мен тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл бағытта тұрақты түрде семинар, дөңгелек үстел өткізіліп, онда бүгінгінің биіне қойылатын талап таразыланып, әркез, қазы – халықтың ожданы екені назарға салынады.

Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажеттігін шегелей тапсырғаны белгілі. Қорыта айтсақ, қай кезеңде де би – ақ пен қараны ажыратып, әділ төрелікті көрсете білуі қажет. Себебі, әділ шешім шығарылған жерде қоғамның сотқа деген сеніміне селкеу түспейтіні анық.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Егеменді де өркениетті елдің бүгінгі мен ертеңін өрге бастыра жас жеткіншектер екені белгілі. Болашақтың тізгінін ұстайтын олардың алдағы атқарар іс-әрекеттерінің түп-тамыры бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алуды тікелей, не жанама көздейтін құқықтық актілердің көп болуы қоғамдық қатынастардың кез келген саласында олардың дамуын қамтамасыз ететін қолдау жүйесінің даму бағытын айқындайды. Әсіресе, бұл қауіпті жағдайда тұрған және ерекше қорғау мен қолдауға мұқтаж жасөспірімдерге қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуда отбасының маңызы зор.



Л.КЛИМОВА,
Батыс Қазақстан
инновациялық-технологиялық
университетінің аға оқытушысы

Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті, себебі өмірлік қиын

жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дегендей, бүгінгі жастар еліміздің болашағы. Есігінен енді аттап отырған жаңа ғасырда ұлтымыздың өсуі де, өшуі де жастарға тікелей байланысты. Сондықтан да, білім

алушы жастар Отанға деген сүйіспеншілік патриотизм, танымының заңдылықтарын игеруі тиіс.

Азаматтық қоғамды қалыптастыруда ең бастысы азаматтық пен құқықтық мәдениетті дамыту болып табылады. Бұл азаматтардың қоғам, ел өміріне сапалы түрде және өз бетімен қатысуын көздейді. Құқықтық білім беруді қалыптастырудың маңыздылығы қоғамда болып жатқан әлеуметтік үдерістердің жоғары динамизмі мен әлеуметтік-техникалық қажеттіліктердің ғана емес, ғылыми-техникалық өркендеу талаптарының жоғарылауымен де тығыз байланысты. Саяси өмірдің әртүрлі мәселелерін кәсіби, терең түрде түсіну үшін, заманауи қоғамның барлық саласындағы динамикалық өзгерістерді анықтауда жақсы ойлау қабілеті, сенімділік және құқықтық ұстаным болуы қажет.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылдың 22 сәуіріндегі № 227 бұйрығы негізінде бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес тәрбие жұмысының басты бағыттарының бірі жас жеткіншектерге құқықтық тәрбие беру болып табылады. Құқықтық тәрбие беру¹ орта және жоғары сынып оқушылары үшін өте маңызды. Жасөспірімдік кезең – бұл құқықтық тәрбиеге қалыптастырудың ең қолайлы кезеңі. Осы жастағы оқушылар құқық, еркіндік жөніндегі ақпараттарды және заңды толық түсіне алады.

Жасөспірімдік кезең – есею, жетілу, мүмкіншілік кезеңі. Бұл кезеңде өзгерістер, әсіресе, өзара қарым-қатынастағы өзгерістер жедел түрде болады. Білім беру ұйымдарындағы жасөспірімдерде ар-намыс, парыз, серіктестік, ғашықтық сезімдерге бой алдыру басым болады. Жасөспірімдер бір-біріне жоғары моральдік талаптар қояды. Бір-бірімен дос болуда сабақты жақсы оқу аса маңызды болмайды, тек адамгершілік қасиеттеріне көп мән береді. Жолдастарын батылдығы, ерлігі, қиын сәттерде көмек көрсету, т.б. қасиеттеріне қарап бағалайды.

Достық қарым-қатынас орнатуға ұмтылады, яғни, достарымен әңгімелескенді ұнатады, достықты жоғары бағалайды және келіспеушіліктер болса соған қатты алаңдайды. Жасөспірім жеке тұлға болып толық қалыптаспағандықтан және қоғамдық ортада өз орнын таппағандықтан, осы кезеңде оқушыларға отбасы тарапынан, мектептен, қоғамнан әлеуметтік бақылауды күшейту керек. Өйткені, жасөспірімге ата-анасына қарағанда араласатын ортасының, топтардың ықпалы күштірек болады және бұл оларда қоғамға қарсы жат әрекеттерге бейім болу қылықтарының көбеюіне бірден-бір себеп болушы фактор.

Соңғы жылдары республикада өсіп келе жатқан кәмелетке толмағандар арасында және жастардың төмендегі статистикалық мәліметтеріне қарайтын болсақ, өкінішке орай, қарастырылып отырған тұлғалар арасындағы қылмыстылық өршуде. Отбасының немесе мемлекет қамқорлығының аздығынан, балалардың іс-әрекетіне бақылаудың жоқтығы олардың теріс жолға түсіп кетуіне мүмкіндік береді. Олар өздерінің ойына не келсе соны жасап, заңсыз қаражат тауып, қоғамға қауіп тудырады. Сонымен қатар, жасөспірімнің ұзақ уақыт қараусыз және криминалдық ортада болуы оның әрі қарай өмір сүру деңгейін анықтайды.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылықтармен сақтандыру жұмысын тиімді жүргізуге кедергі болатын бір жағдай-қоғамға қайшы әрекет жасаған жасөспірімнің 70%-ы кейін өзінің қылмыстық ортасына қайтып оралады. Сол себепті, соңғы он жылдықта сақтандыру жұмысын жүргізуге мәжбүр ететін жеткіншектердің саны жоғары деңгейде тұр. Яғни, олардың әртүрлі сылтаулармен қоғамға қайшы әрекет жасаудағылары бойға орнығуда, қылықтары ересектерден кем түспейді. Сондықтан, бүгінгі жеткіншектер арасындағы зорлықшыл зерделеу проблемасы өзекті мәселеге айналды. Жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстардың саны өсіп бара жатыр.

¹ Сатыбалды Л. *Формы вовлечения несовершеннолетних в преступную деятельность*. – Алматы, 1999

Олардың негізгі себептерін атап, кетсек, біріншіден – ата-аналар тәрбиесінің жеткіліксіз болуы. Жеткілікті болғанның өзінде тәрбиенің дұрыс берілмеуі. Қазіргі ата-аналардың тәрбиесі бұрынғымен салыстырғанда мүлдем өзгеше. Нәтижесінде ата-аналар балаларына кері тәрбие береді. Мысалы, көшеде бір-бірімен соқтығысып қалған жағдайда, кешірім сұрап әрі қарай кете берудің орнына, ата-аналар оларға тек өзінікі дұрыс, өзгенікі бұрыс деп тәрбиелейді. Ал сол тәрбиені көріп өскен жас бала ертеңгі күні біреуге жамандық жасаса да өзінікін дұрысқа санайды. Сол кезде ол жасы кәмелетке толмаған балаға тәрбие беру өте тым кеш болады.

Екінші себеп – қоғамдағы қылмыстың артуына нашақорлық пен алкоголизмнің салдары болып тұр. Әрине, ішкен адам өзінің жасаған әрекетіне, мінезіне жауап беруі өте қиын және ол мас күйінде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін тіпті ойламайды. Сондықтан аталған мәселені шешпейтін болсақ, біз жасөспірімдер арасындағы қылмыстың санын азайту мүмкін емес.

Үшінші себеп – құқық қорғау органдарындағы заңсыздық мәселесі. Бір бала қылмыс жасаса және оны бәрі біледі. Ал осы кезде құқық қорғау органдары әлгі балаға жаза қолданудың орнына басқа заңдылыққа жатпайтын шараларды қолданып, көз жұмып отыра береді, Бұл жағдай келесі балаға теріс әсер етеді. Осы оқиғаны көрген жастар жазадан құтылуға болады деген ойға келеді. Нәтижесінде жасөспірімдер арасында заңға сенімсіздік пайда болады.

Төртінші себеп – біздің қоғамдағы жастар өз уақыттарын бос және тиімсіз пайдаланады. Сол себепті мемлекет тарапынан жастардың бос уақытын орынды пайдалануына мүмкіндіктерді молынан жасау керек деген пікірдеміз.

Бесіктен белі шықпай жатып әрбір оғаш қадамына селт етпей сергек қараған балалардың жат әрекетке баруына себеп не? Кім кінәлі? Қоршаған орта ма? Мектеп пе? Әлде жүре түзеліп кетер деп жат қылық істеген баласының әрекетіне немқұрайлы қарайтын ата-ана ма? Болашақ тағдыры бейта-

рап қалдырмайтын кез келген адамның осы сұрақа жауап іздеуі бесенеден белгілі.

Кәмелетке толмағандардың арасында әртүрлі қылмыстың терең тамырлануы кімді болса да, алаңдатпай қоймайды. Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға саналы адам қалыптастыру мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болса, ол міндетті іске асыруға басты мақсат жасөспірімді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінеді. Осы орайда В.М. Бехтеревтің «Баланы тәй-тәй басып қолына затты мықтап ұстай бастағаннан бастап-ақ үнемі еңбекке үйрету керек» – деген пікірімен келісуге болады. Жасөспірімдер әрекеті өзге жастарға қарағанда педагогтар мен тиісті әдебиеттерде көп әңгіме болып, жиі көтеріледі. Себебі, бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас баламен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады. Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді. Жасөспірімнің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келеді.

Әдетте жеткіншектерді тәрбиеге көнбейтін қиын жас деп сипаттайды. Солай деп бағалайтыны біріншіден, бұрынғы кездегі психикасы мінез-құлқы өзгеріп, соның негізінде жаңа қасиеттер пайда болатынынан. Екіншіден, осындай психиканың жаңа саласының пайда болуынан бала қиналысқа ұшырайды, уайым шегеді, оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды. Мұндай өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді. Осы ғасырдың бас кезінде психолог З. Фрейд жасөспірім үлкендердің қамқорлығына көнбейтінін «өзім бәрін орындаймын дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасыз әуесқойлық» деп түсіндірді. Бұл пікірге көптеген психологтар қарсы. Жасөспірімдердің тәрбиеге көнгісі келмеуі түпкілікті емес, уақытша кездесетін уақыттың бірі. Қоғамдық ортаның жеткіншекті

тәрбиелеуге ықпалы зор. Қоғам дамуының ерекшелігіне қарай жастарға қойылатын талап үнемі өзгеріп отырады. Егер тәрбие не оқу жұмысы жеткіншектермен жақсы жүргізілсе ұнамсыз әдеттерден аулақ болады.

Қазіргі кезеңде әрбір психологтың алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – психологиялық әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа психологиялық технологияны меңгеру. Осы жұмыста мынандай технологияларды басшылыққа алуға болады: ақпараттық технология, өзін-өзі жетілдіру технологиясы, жаңа қабілеттерді дамыту технологиясы, денсаулықты сақтау және қорғауға бағытталған технологиялар.

Атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Адамды жан-жақты тәрбиелеу мен дамыту үшін оны жан-жақты біліп алу керек» деген қағидасын қолдана отырып, «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» себебін анықтау мақсатында бақылау, сауалнамалар, тесттер, әңгімелесу әдісі, арт терапия және акция т.б. әдістерді қолдануға болады². Суреттерді зерттеу баланың қызығушылықтарын, әуестіктерін, темпераментінің ерекшеліктерін, көңіл-күйін және ішкі әлемін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. «Отбасы» суреті, бала мен

ата-ананың қарым-қатынасын анықтау, Гудинаф тестінің негізінде «адамды сал» тесті – бала бойында қандай психологиялық қиындықтар бар екенін болжауға мүмкіндік береді. Мінез-құлқы қиын баланың жеке басының дамуында өзіндік бағалау үлкен рөл атқарады. Осыған байланысты білімгерлердің өзіндік бағалауы қандай екенін анықтау үшін А.И.Липкинаның «Үш баға» әдісін қолдануға болады. Мұғаліммен ара қатынасын анықтау мақсатында «Мұғалім және оқушы» сауалнамасы, социометрия әдісімен оқушының сыныптағы орнын анықтап, өз қалауы бойынша ортаға тарту жұмыстары жүргізілуі керек деп ойлаймын. Бала бойындағы бірінші күні байқалмаған қасиет екінші күні байқалып отырады. Сондықтан білімгерге немесе оқушыға арналған күнделік жүргізу керек. Онда жыл бойы қысқа да нақты мәлімет жазылып жүреді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңдағы еліміздегі білім беру ұйымдарының әлеуметтік міндеті – жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру және олардың әрқайсысына өмірден өз жолын табуға көмектесуді негізгі мақсат еткені абзал.

ОРАЛ ҚАЛАСЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Сатыбалды Л. *Формы вовлечения несовершеннолетних в преступную деятельность.* – Алматы, 1999.
2. Амонашвили Ш.А. *Гуманно-личностный подход к детям.* – М.-Воронеж, 1998.-539с.
3. Олпорт С.В, Гордон В. *Личность психологии.* – М: Ювента, 1998г.-345с
4. «Бастауыш мектеп» – №2, 2006 ж. Баланы тәрбиелеудің басты қағидалары -31 беттер
5. *Возрастная и педагогическая психология* // Под. ред. А.В. Петровского. – М., 1986. -34 бет
6. Грейс Крайг. *Психология развития.* – СПб., 2000ж -8 бет
7. *Жас ерекшелік психологиясы*, М.М. Муханов, Алматы 1981ж , 93-95 беттер
8. Кулагина И.Ю. *Возрастная психология.* М., 1999 ж.
9. Кон И.С. *Психология старшеклассника.* М., 1980.
10. Кондратьев М.Ю. *Подросток в замкнутом круге общения.* М. – Воронеж, 1997.
11. Уразалиева, Р. М. *Жасөспірімдердің өзіндік бағалауының психологиялық ерекшеліктері* / Р. М. Уразалиева, Р. К. Есенова, Ж. С. Кушекбаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2015.

² Олпорт С.В, Гордон В. *Личность психологии.* –М: Ювента, 1998г.-345с

Жанель АБЫКЕЕВА,
ҚР Ұлттық ұланы 7552 әскери бөлімінің әскери лазарет басшысы,
подполковник:

«ЖАСТАР БІРДЕН САПҚА ТҰРУҒА ДАЙЫН БОЛЫП КЕЛУЛЕРІ КЕРЕК»



ды. Содан бері біздің сарбаздар елде болып жатқан төтенше жағдайларды жоюға қатысып, апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізіп келеді. Мысалы, Арыстағы, Жамбыл облысындағы жарылыстар, т.б. апаттарда Ұлттық ұланның сарбаздары бірінші болып көмекке барады. Пандемия кезіндегі төтенше жағдайларда да алдымен біздің жауынгерлер жұмылдырылады. Біздің сарбаздар қоғам құндылықтарын, мемлекеттің тұрақтылығын, тыныштығын қауіп-қатерден қорғайды. Мысалы, қылмыстық-атқару жүйесінің аса маңызды нысандары мен мекемелерін күзетіп, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бейбітшілікке қызмет етіп, өз елін, халқын қорғауға әрбір азамат міндетті.

Бұрын ер-азамат үшін әскерге бармау намыс болатын. Соңғы кездері бұл психология түп-тамырымен жойылды десе де болады. Есесіне әскерге жарамай қалғандарына қуанатындар қатары көбейді. Әрине, бұл өкінішті әрі алаңдатарлық жағдай.

– Жанель Өмерқұлқызы, әңгімеңізді Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланынан бастасаңыз?

– Ұлттық ұланның тарихы тәуелсіздіктен бастау алады. Ішкі істер министрлігінің 1992 жылы құрылған ішкі әскері 2014 жылы ҚР Ұлттық ұланы болып қайта құрылымдал-

– Жастардың әскерге барғысы келмейтіні ащы шындық, бұл ненің салдары деп ойлайсыз?

– Тәуелсіздік алған жылдары әскер саласында жағымсыз жағдайлар болды. Медицина саласындағы мүмкіндігі де мәз болмады. Содан көпшіліктің санасында армия

туралы қорқыныш қалыптасып қалған. Бүгінде бұл тұрғыдағы жағдай түзелді. Армияның жастарға барлық жағынан пайдасы көп. Ең бірінші, денсаулықтарына, өздеріне көңіл бөлуді үйреніп, патриоттық тұрғыдағы тәрбиелерін нығайтады. Азамат болып қалыптасады. Мысалы, өз жұмысыма қатысты айтсам, көбісінің бұрыннан байқалмай келе жатқан аурулары анықталып, емделіп кетеді. Бізде әрбір азаматтың денсаулығы жіті қадағалауда болады.

Біздің лазарет оңтүстік өңірлік әскери бөлімдерін қамтиды. Алматыда қажетті мамандар, ғылыми-зерттеу институттар бар. Біз солармен келісіп портал арқылы ауруы күрделі сарбаздарды емдетеміз. Түрлі оталар жасалады. Жауынгерлер денсаулығы қалпына келіп, қатарға қайта қосылуларына Ұлттық ұланда барлық жағдай жасалған.

– Жас жігіттердің денсаулығы көңілден шыға ма?

– Бұл өте жан ауыртарлық мәселе. Неге екенін білмеймін, жастардың денсаулығы сын көтермейді. Мүмкін отбасында кішкентайынан дұрыс көңіл бөлінбеген, қажетті медициналық тексерулерден өтіп, дер кезінде ем алмаған болар. Мысалы, неврология, сондай-ақ, миішілік қысым дерттерін (внутренно-черепной гипертензия) кішкентайынан дұрыс емдетпесе, есейе келе түрлі ауруға ұшыратады. Әйелдің аяғы ауыр кезіндегі кінәраттары балаға беріледі. Көбісі бұған мән бермейді. Қазіргі күні эпилепсиялық, т.б. ұстаманың жасырын түрімен келетіндер көбейді. Былайғы уақытта байқалмауы мүмкін, бірақ, физикалық тұрғыда ауырлық түскенде ауруы шығады.

Жақында бізде мынадай жағдай болды. Әскерге келгенге дейін өзі ауруын байқаған, бірақ, оған көңіл бөлмеген. Ата-анасына да айтпаған, дәрігерге де қаралмаған. Әскерге келген соң түрлі жаттығулар жасайды, жүгіреді, т.б. соның салдарынан ауруы асқынған. Біз дер кезінде ауруын анықтап, көмегімізді бердік. Кардиология орталығына жатқызып, жүрегіне кардиостимулятор қойылды. Қазіргі күні сарбаз Қорғаныс министрлігінің госпиталінде денсаулығын түзетіп жатыр. Госпитальда бұл тұрғыда барлық мүмкіндік бар.

– Мұндай жағдайдан кейін науқастар әскерге қайта жіберіле ме әлде үйіне қайтарыла ма?

– Госпитальдан шыққан соң медициналық комиссияның тексеруінен өтеді. Сапқа қайта тұратынын немесе үйіне қайтатынын денсаулығына байланысты комиссия шешеді.

– Бұл әскерге қабылдар алдындағы медициналық комиссия жұмысының олқылығын көрсетпей ме?

– Азаматтық борышын өтегісі келетіндер арасында ауруларын жасыратындар аз емес. Комиссия құрамында денсаулық министрлігінің өкілі, сондай-ақ, тиісті әскери мекемелердің дәрігерлері бар. Комиссияға жастар жергілікті емханаларда тексеріліп, денсаулығына қатысты анықтамамен келеді. Сондықтан, әрбір бала денсаулығына бірінші өзі, ата-анасы, сосын мамандар үлкен жауапкершілікпен қараулары тиіс.

– Әскер барысында талмасы (судоргі) бары анықталса не істейсіздер?

– Судоргі көбіне физикалық ауырлық түскенде ұстауы мүмкін. Оның түр-түрі бар. Алдымен судоргінің эпилептикалық немесе эпилептикалық емес ұстама екенін анықтаймыз. Мұндай аурулар госпитальға жатқызылып, жан-жақты тексеріледі. Бір ғана түнгі электроэнцефалографиядан өту 38-42 мың теңге тұрады. Эпилептологтың кеңесіне жүгінеміз. Бізде базасы мықты емханалармен келісім-шарттар жасалған. Сарбаздың диагнозы нақты қойылғанша оны қажетті апараттың бәріне түсіріп, тексереміз. Қажетті ем-дом жасалады. Мұның барлығы мемлекет есебінен ақысыз жүргізіледі. Егер эпилепсиясы бары нақтыланса комиссияға жіберіледі.

– Жағымсыз пікірлерді әскерде болып жататын әлімжеттік оқиғалар қалыптастырмай ма?

– Ол да бар, әрине, дегенмен, азаматтар Отан алдындағы міндеттерін ұмытпаулары керек. Әрбір ата-ана ұлын кішкентайынан патриоттық рухта тәрбиелесе, мықты болады. Мысалы, әскери комиссариаттан келісімен жастарды үш күн медициналық тексеруден өткіземіз. Сол кезде қандай да бір ауруына шағым жасаса, ол сарбазды бақылауда ұстап, қосымша тексерулер жүргіземіз. Шын мәнінде жастар бірден сапқа тұруға дайын болып келулері керек. Өкінішке қарай, ондай деңгейге жете алмай жатырмыз.

Біздің бөлімде сарбаздың денесінде қандай да бір соққының ізі жоқ па, т.б. күн сайын тек-

серіледі. Бұл туралы міндетті түрде бөлім командиріне баяндаймыз. Тағы да айтып өтерім, қазіргі күні әскерге келуден қорқудың қажеті жоқ. Әрбір жастың азаматтық борышын өтеуі елді қорғаудың кепілі екенін түсінетін кез жетті.

– Қанша сарбаз бар. Оның барлығын күнде қарап үлгересіздер ме?

– Біздің бөлімде жүзге жуық сарбаз бар. Екі-сағатта басынан бастап аяғына дейін мұқият қараймыз. Рота командирі бақылап тұрады. Мұндай тексерулер міндетті түрде керек, себебі, ылғи ер адам жүрген жерде келеңсіз жағдай болуы әбден мүмкін. Ата-аналарымен тығыз қарым-қатынастамыз. Қандай да бір ауруын байқасақ дереу хабарлаймыз.

Бұрын бала екі жылға армияға кетеді, келгенінше хабарын хат арқылы ғана білетін. Өмірі көріп-білмеген шет мемлекеттерге әскерге баратын. Қазіргі армия мүлде бөлек. Бүгінде қызметте өсу үшін де әскери билет керек. Әскерде болғанның артықшылығы көп.

Бір үйдің бетіне қарап отырған ерке балалары келеді. Оларға бәрін түсіндіріп, үйретесің кейде балабақшаның баласы сияқты қарайсың «енді жарты жылда қайтасың шыда» деп жігерлендіреміз. Баланың еліне нағыз азамат болып оралуына бар мүмкіндігімізді жұмсаймыз. Әскер жастарды физикалық әрі рухани тұрғыда шыңдайды. Мықты мемле-

кет құру үшін азаматтардың рухты, елжанды болуы міндет. Кейбір жігіттер дайын болып келеді. Олардың қызметте өсу немесе әскери қызметкер болу секілді өз мақсаттары бар.

– Отанға сүйіспеншілікке тәрбиелеуде қандай шаралар атқарасыздар?

– Патриоттық тәрбие отбасынан басталып, балабақшада, мектепте, оқу орындарында жалғасады. Тек дәрігер ретінде емес, психолог, азамат ретінде жұмыс істеуге тура келеді. Жастарға тәуелсіз елімізді қорғау, тыныштық пен тұрақтылықты сақтап, қамтамасыз етуде дайындықтан өтудің маңызын, ел ертеңі үшін жауапты екендерін түсіндіреміз. Арнайы оқу-жаттығуларынан өтеді.

– Мұнда мамандар мәселесі қалай шешілген?

– Маман мәселесі тек Ұлттық ұланда емес, жалпы, әскери салада бар. Жас мамандарды тарту оңай емес. Мұнда әскер өміріне белсене араласу қажет. Арнайы форма киіп, түрлі жаттығуларға қатысады. Әскери қызметкерлермен бірдей талап қойылады. Тәртіп қатаң, кез келген уақытта дайын жүруді талап етеді. Дәрігерлердің көбісі осыдан қашады.

– Азаматтық салаға бармай әскерді таңдауға не себеп болды?

– С.Асфендияров атындағы Қазақ Мемлекеттік медицина университетін бітірген соң еңбек жолымды Ішкі істер министрлігінің



Әріптестер ортасында



Ата-анам – алтын қазығым

7552 әскери бөлімінің айдауылдау полкінде врач-терапевт болып бастадым. Бұл салада қызмет еткеніме биыл 22 жыл болады. Біз келген жылдары азаматтық дәрігерлердің жалақысы 3000, ал, әскери сала дәрігерлерінікі 20 мың теңге болды. Жеті жыл оқыған соң материалдық жағдайыңды түзеп, ата-анаңа көмектесің келеді. Осы жағы әскери саланы таңдауға себеп болды. Қазір өкінбеймін. Ол уақытта мамандар да, жеткілікті болды. Уақыт өте келе штат қысқартылды. Бірақ, 50 төсек орын сақталып қалды. Штаттың азаюы армия мерзімінің бір жылға қысқаруына байланысты орын алды. Есесіне әскери мамандардың штаты көбейді. Қазіргі күні азаматтық сала дәрігерлерінің мүмкіндігі көп. Олар екі-үш жерде жұмыс істей алады. Біз белгілі бір тәртіпке бағынамыз. Күн-түн демей кез келген жағдайда жұмыс орнынан табылуға тиіспіз.

Дегенмен, әскери салада жүрген дәрігерлердің өз артықшылықтары бар. Зейнетке ерте шығады, қосымша пәтерақы беріледі, т.б. жәрдемақылар қарастырылған. Жас мамандарды осындай мүмкіндіктермен қызықтырамыз. Мәртебесі биік әскери құрылым Ұлттық ұланда еңбек ету бақыты бұйырғанын әрдайым мақтан етемін.

– Қыздарға каска киіп, автомат ұстау қиын емес пе?

– Бұл жан қинарлық жағдай емес. Оперативті полкте қызмет етудің өзіндік қиын-

дықтары бар. Елдің тыныштығын қамтамасыз етуде күн-түнге қарамай, дайын жүресің. Мысалы, қазір дабыл қағылса, арнайы формамды киіп, автоматымды ұстап 10 минутта сапқа барып тұрамын. Әскерилердің тірлігі жедел қимылды, мықты дайындықты талап етеді.

– Сіздіңше армияны екі жылға ұзартудың қажеті бар ма?

– Әскери борыштарын аяқтап кетіп бара жатқандардың кейбірі келіп қоштасады. Оны ең алғашқы келген кезімен салыстырсаң жер мен көктей. Жинақы, тап-таза, көзінде от

бар. Соған қарағанда бір жылдың өзі аздық етпейді. Отан алдындағы борышты өтеу міндет. Осыны біз жастарымызға жеткізе білуіміз керек.

– Қазақ әскерінің деңгейі қаңтарда байқалғандай болды, бұл тұрғыда не айтасыз?

– Қаңтар оқиғасы бізге біраз жайтты аңғартты әрі сабақ болды. Елдің қауіпсіздігі бірінші кезекте, сондықтан, әскерді нығайту міндет. Ұлттық ұлан жауынгерлері мен медициналық қызметкерлері дайын болды. Бірінші күннен бастап жедел жәрдем көрсеттік. Алғашында 7552 бөліміндегі өз міндетін орындау барысында зардап шеккендерге көмек жасасақ, бесінен бастап басқа әскери бөлімдерден әскери қызметшілер әкелінді. Өзіміз көмек бере алатын жаралыларды алып қалып, жағдайы ауырлар Қорғаныс министрлігінің госпиталіне жіберілді. Бұл шараларды атқару бізге оңай болған жоқ.

– Әскери саланы таңдағаныңызға ата-анаңыз қарсы болған жоқ па?

– Әкем Өмерқұл Ішкі істер министрлігінің зейнеткері. Анам Кенжеғаным Қ.Сәтбаев атындағы политехикалық институтта еңбек етті. Менің қалауыма қарсы болған жоқ, қолдады.

– Әңгімеңізге үлкен рақмет. Жұмысыңызға табыс тілейміз.

**Әңгімелескен
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ**

ЖҰМЫСКЕРДІ ЖҰМЫСТАН БОСАТУ ТУРАЛЫ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН СОТТА ҚАРАУ

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында еңбек дауларын құқықтық реттеу еңбек қатынастары саласында өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен, біздің еліміздегі еңбек дауларын шешу тәртібі жұмыскерлердің еңбек құқығын заң арқылы сотта қарау, қорғаудың маңызды тәсілдері туралы айтылған.



Құралай ТҰРЛЫХАНҚЫЗЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
заң ғылымдарының магистрі

Қазақстан Республикасында жеке және ұжымдық еңбек дауларының пайда болуы, біріншіден, өнеркәсіптің қалыптасуымен, жалдамалы еңбектің пайда болуымен, екіншіден, жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмыскерлердің өз мүдделерінің қарама-қайшылығын түсінуімен және үшіншіден, олардың қолданыстағы еңбек туралы заңнамасында белгіленуімен байланысты. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы еңбек құқығының қайнар көздерінің арасында жоғары заңдық күші бар негізгі заң болып табылады [3], сонымен қатар, еңбек құқығы жүйенің негізгі ережелерін белгілей-

тін және құқықтың барлық салаларына, оның ішінде еңбек құқығына тән бастапқы бастауларды бекітетін тікелей іс-қимыл құжаты болып табылады.

Қазақстанда еңбек қатынастары ҚР Еңбек кодексінің ережелерімен ғана емес, сонымен қатар арнайы заңнамалық актілермен мемлекеттік қызмет туралы, құқық қорғау қызметі туралы және т.б. заңдармен реттеледі. Еңбек дауларын сотта қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде және Еңбек кодексінде айқындалады. Сонымен қатар, Жоғарғы Соттың 2017 жылғы 19 қазандағы № 9 нормативтік қаулысы қолданылады. Еңбек дауларын қарау ба-

рысында, соттар еңбек қатынастары мен азаматтық-құқықтық қатынастарды айыра білу керек. Еңбек қатынастарының сипаты дегеніміз – жұмыскер белгілі бір кәсіп, біліктілік, белгілі бір лауазымда ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес белгілі бір жұмысты орындайтын жақ, ал, жұмыс беруші жұмыскерге жалақы төлейді және еңбек заңнамасында белгіленген еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді.

Соттар бұзылған еңбек құқықтарын қалпына келтіріп қана қоймай, заң бұзушылыққа әкеп соққан себептер мен жағдайларды анықтайды және болашақта оларды жою және алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Сот мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен лауазымды адамдардың атына заңнаманы, еңбек заңнамасының бұзылуына әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою туралы арнайы қаулы шығаруы мүмкін. Қазақстан Республикасының тәуелсіз және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу барысында еңбек заңнамасының хронологиялық даму кезеңдеріне талдау жасай отырып, оның жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, құқық қолдану практикасының жай-күйіне сәйкес қабылданған заңдардың қабылдану деңгейі мен өңделуіне қатысты талдау жасау болып табылады.

Конституция кез келген адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғау қағидасын бекітті. Конституцияның 13-бабының 2-тармағына сәйкес «...әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар...» [3]. Сонымен қатар, ҚР Конституциясының 76-бабының 1-тармағында «...сот билігі Қазақстан Республикасы атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды» [3]. Бұл жағдайда да еңбек құқықтарын соттық қорғау еңбек құқықтарын қорғаудың негізгі тәсілдердің бірі болмақ.

Егер құқықтары мен заңды мүдделері турасында жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келіспеушіліктер тараптардың келісім қағидаты негізінде шешім таппаса, ол келесі – юрисдикциялық кезеңге өтеді, ол кезде дау татуласу-делдалдық, соттық, әкімшілік органдарда қаралады.

Еңбек құқықтарын қорғау кезінде туын-

даған еңбек даулары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралып, жалпы юрисдикциялық соттардың соттылығына жатады. Талап арызды қарау барысында судья дау еңбек қатынастарынан, яғни жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек функциясын ақылы түрде жеке орындау туралы келісімге негізделген қатынастардан туындай ма (штаттық кестеге сәйкес лауазымы, мамандығы, біліктілігі көрсетілген кәсіптер бойынша, жұмыскерге тапсырылған жұмыстың нақты түрі бойынша жұмыстар), жұмыс берушінің еңбек заңнамалары және өзге нормативтік құқықтық актілермен, ұжымдық шартпен, келісімдермен, жергілікті нормативтік актілермен, еңбек шарттарымен көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз ету барысында жұмыскердің ішкі еңбек тәртібі ережесіне бағынуын, бұл іс осы соттың соттылығына жатқызылуын анықтайды. Егер дау азаматтық-құқықтық сипаттағы еңбек шартының талаптарын орындамаудан туындаса, бұл талаптар еңбек шартының мазмұнына кіргізілгенімен, ол өз сипатына қарай жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық міндеттемелеріне жатады, сондықтан мұндай даудың соттылығы соттылықтың жалпы тәртібі бойынша анықталады.[1]

Тәжірибеде еңбек даулары бойынша өтінішті қабылдау кезінде соттылықты міндетті түрде тексеруі, әр еңбек дауын дұрыс және тез қарау үшін маңызды. Дауды қарауға құқылы емес органның шешімінің заңды күші болмайды және мәжбүрлі тәртіппен орындалуға жатпайды. Еңбек дауларының соттылығын азаматтардың басшыға қатысты шағымдарын жоғары тұрған органға жолдауынан ажырату қажет. Дауларды қараудың бекітілген тәртібі, ведомстволық бағыныстылығымен қоса, жұмыскердің нақты басшының әрекетіне, әрекетсіздігіне жоғары тұрған органға шағымдану құқығынан айырмайды. Еңбек дауларының сотқа ведомстволығы ҚР Еңбек кодексінің 159 және 164-баптарында айқындалған. Алайда ҚР Еңбек кодексінің 159-бабының 1-тармағы жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша сотта қарайтындығын ескеру қажет [4]. Яғни, заң дауларды міндетті түрде келісу комиссияларында қарауды көздейді. Ал егер дау келісу комиссиясында реттелмесе немесе комиссияның шешімі орындалмаса, сол жағдайда ғана келісу комиссиясына жүгінгендігі туралы дәлелдемелерді қоса тіркеп, сотқа жүгінуге болады. Келісу ко-

миссиясына жүгінгендігі туралы дәлелдемелер болмаған жағдайда сот талап арызды қайтару туралы ұйғарым шығарып, жұмыс орны бойынша келісу комиссиясына өтінішпен жүгіну қажеттілігін түсіндіреді.

Заң шығарушы соттармен қаралатын жеке еңбек дауларының екі тобын қарастырады:

- сотқа дейінгі кезеңнен өткен жеке еңбек даулары;

- тікелей соттың ведомстволығына жататын жеке еңбек даулары (яғни, еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясының (ЕДКК) қарауынсыз).

ЕДКК-мен де, сотпен де қаралатын жеке еңбек дауларына:

- ЕДКК шешімі жұмыскерді немесе жұмыс берушіні қанағаттандырмаған және олар бұл шешіммен келіспей сотқа шағымданған даулар;

- заңдарға немесе өзге нормативтік құқықтық актілерге қайшы шығарылған шешімдер бойынша және осы негізде прокурор өтінішпен сотқа жүгінген даулар бойынша;

- ҚР Еңбек кодексінің 160-бабында көзделген мерзімде ЕДКК шешім шығармай, жұмыскер сотқа жүгінген даулар жатады [4].

Осылайша, қазіргі қолданыстағы Қазақстандық заңнама тікелей соттарда қаралатын жеке еңбек дауларының нақты түрлерін көздемесе де, ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысына сәйкес келісу комиссиясымен реттелмеген немесе келісу комиссиясының шешімі орындалмаған, сонымен қатар, ҚР ЕК 159-бабының 1-тармағында көрсетілген келісу комиссиясымен қаралмаған істер сотта қаралатындығын көрсетеді [4].

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында еңбек дауларын құқықтық реттеу еңбек қатынастары саласында өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен, біздің еліміздегі заңмен белгіленген еңбек дауларын шешу тәртібі жұмыскерлердің еңбек құқығын қорғаудың басты құралдарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарауды реттейтін аса манызды нормативті құқықтық актілерінің қатарына Еңбек кодексі кіреді.

Қазақстан Республикасында Еңбек кодексі екі мәрте қабылданған болатын. Оның

алғашқысы 2007 жылы 15 мамырда қабылданды. Бұл кодекс өз күшін жойып, оның орнына екінші мәрте 2015 жылдың 23 қарашасында жаңа Еңбек кодексі қабылданған еді. 2007 жылдың 15 мамырында қабылданған ҚР Еңбек кодексінің күшіне енуімен Қазақстан Халықаралық Еңбек Ұйымының талаптарын ескере отырып, қабылданған заманауи нормативті құқықтық актіге ие болды. Бірақ, мойындауымыз керек, 2007 жылғы жаңа кодекстің қабылдануы еңбек қатынастарын реттеуде өз бетінше барлық мәселені шешті деп айтуға болмайды. Сол кездегі салыстырмалы түрде алғаш қабылданған кодекске алпыстан астам өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы Еңбек кодексінде алғаш рет жеке және ұжымдық еңбек дауларын қараудың жекелеген тәртібі белгіленді. Жеке еңбек дауларын тараптардың өтініші бойынша келісім комиссияларында немесе тікелей сотқа жүгіне алатын болды. Заңда ұжымдық еңбек дауларын қараудың сотқа дейінгі тәртібі, оның ішінде медиациялық рәсімдер белгіленді. Аталған заң еңбек қатынастарына толыққанды жауап бере алмады. Заңға жыл сайынғы еңгізілген өзгерістер мен толықтырулар жаңа заңның қабылдануын қажет етті. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Парламентінің алдында жаңа еңбек заңнамасын дайындау, құқықтың басқа салаларының (бюджеттік, салық және т.б.) әдістерін қолдануымен кешенді көзқарас негізінде құқықтық реттеуді онтайландыру міндеті тұрды. [5]

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды күшіне енген Еңбек кодексінде жеке еңбек дауларын қарау және шешу барысына біршама өзгерістер болды. Жеке еңбек дауларын міндетті түрде келісу комиссияларында қарау және ол сотқа дейінгі міндетті саты болып табылды. Заңның тағы бір ерекшелігі келісу комиссиясын құру жұмыс берушінің негізгі міндеттеріне кіргізді. Және де жеке еңбек даулары бойынша келісу комиссияларына жүгінбейтін субъектілердің де тізімін енгізді.

Қазақстанда заңды күшіне 2016 жылдың 1 қаңтарында енген ҚР Еңбек кодексі, жеке еңбек дауларын қарау тәртібін өзгертті. Бұрын жеке еңбек даулары келісу комиссияларында немесе сотпен қаралатын. Келісу комиссиясы, егер тарап келісу комиссиясына жүгінуге ниет білдірсе, еңбек дауы тараптардың өтініші бойынша дауды қарайды. Енді заңмен жеке еңбек даудың келісу комиссиясымен қарауы мін-

детті болып табылады. Яғни, бұрын жұмыскер жеке еңбек дауы бойынша келісу комиссиясына немесе сотқа жүгінуге құқылы болса, қазіргі таңда ол міндетке айналды. Келісім комиссиясы ел заңнамасымен көзделген татуластыру комиссиясы сияқты ұйымдарда, оның филиалдарында және өкілдіктерінде жұмыс берушімен жұмыскерлердің өкілдерінің саны тепе-тең негізде құрылатын тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Қазіргі уақытта келісу комиссиясы жеке еңбек даулардың барлық категориясын шешуге құқығы бар жеке еңбек дауларын реттеу үшін міндетті сотқа дейінгі орган болып табылады. Комиссиядағы дауларды қарау мерзімі – 15 жұмыс күнін құрайды [4]. Осылайша, 2020 жылдың 7 шілдесінде ҚР Еңбек кодексіне өзгертулер мен толықтыру ретінде жеке еңбек дауларын қарау тәртібі енгізілді. Атап айтсақ, Еңбек кодексінің 159-бабының 1-тармағына жұмыс берушілер мен микрокәсіпкерлік субъектінің, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ, заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын келісу комиссиялары, ал, реттелмеген мәселелерді келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды.

Қорыта келгенде қазіргі уақытта сот арқылы қорғау адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын кепілдендірудің барлық механизмінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың негізгі әдісі болып табылады. Алайда, азаматтардың құқықтарын қорғау соттарының практикалық қызметі барысында қорғаудың тиімділігін төмендетіп қана қоймай, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін алдын ала анықтайтын көптеген мәселелер

туындайтыны ешкімге құпия емес. Осыған байланысты нақты істерді қарау және шешу барысында іс жүзінде туындайтын кейбір мәселелерді қарау қажет. Бұл тұжырымның неғұрлым егжей-тегжейлі негіздемесі осы жұмыстың келесі тармақтарында қамтылған. Қазіргі таңда тәрбие адам тұлғасын жан-жақты дамытуға, олардың қадір-қасиетін білу адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуді күшейтуі керек. «Адамның қадір-қасиеті» идеясы ұлттық және халықаралық конституцияларда іргетас мәртебесіне ие заң. Оның адам құқықтарының әмбебап негізі ретіндегі символизмі жоқтығымен абсурдпен үйлесімін нақты анықтау. Абыроймен қамтамасыз ету барлық дерлік адамдардың қалауы сияқты.[2] Бірақ бұл дәлдіктің жетіспеушілігі көбінесе судьялардың өздерінің моральдық нормаларын белгілеуіне әкеледі құқықтары үшін бәсекелес талаптармен бетпе-бет келуде, олардың әрқайсысында адам қадір-қасиетін бұзудың орынды жағдайы бар.

Еңбек дауларын ғылымдағы азаматтық-құқықтық даулардың ерекше категориясы ретінде бөлінуі, бір жағынан, даудың негізінде нақты қатынастардың ерекшелігімен, екінші жағынан еңбек құқығы саласының өзіндік ерекшелігімен түсіндіріледі. Еңбек қатынастары дербес пәні – өзіндік әдісі және құқық көздерінің жеке жүйесі бар құқықтың ерекше саласымен реттеледі. Дәл осы жағдайлар, ең алдымен, ғалымдардың еңбек дауларын азаматтық-құқықтық даулардың тәуелсіз категориясы ретінде бөлуін түсіндіреді. Еңбек дауларын қарау кезінде юрисдикциялық органдар Еңбек және онымен байланысты құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін ескереді және дауларды еңбек құқығының қайнар көздеріне сәйкес шешеді.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № AP09259109).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дүйсенбаев Г. Трудовые споры: как работает согласительная комиссия <https://www.zakon.kz/4842317-trudovye-sporu-kak-rabotaet.html> 21.11.2019.
2. Хамзина Ж.А., Бурибаев Е.А. Достоинство человеческой личности как высшая ценность, на которой основан право на социальное обеспечение ISSN 1810-8636 Казахский национальный педагогический университет имени Абая ВЕСТНИК Серия «Юриспруденция» No1(63), 2021
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданған. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_06.06.2019.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қараша № 414-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414> 20.01.2019.
5. Еңбек даулары бойынша азаматтық іс № 6001-18-00-32п/418.

САНИТАРИЯЛЫҚ- ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ ЖҮРГІЗУ

Қауіпсіздік ұғымы және оның систематикасы жан-жақты. Қауіпсіздікті оның қауіптерінің призмасы арқылы, сонымен бірге талқыланатын қауіпсіздік саласын (мысалы, денсаулық қауіпсіздігі, мемлекеттің қауіпсіздігі) нақтылау

арқылы қарастыруға болады. Ұсынылған мәселе әртүрлі ғылыми пәндерде қарастырылады. Заң ғылымында құқықтық актілерді, ең алдымен белгілі бір салада белгілі бір қауіпсіздік стандарттарын қалыптастыруға бағытталған нормативтік актілерді реттеуге назар аударылады. Мәселен, қазіргі уақытта санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік бүкіл әлем үшін Covid-19 вирусының болуымен сипатталады.



Кейбір сарапшылардың пікірінше, қоғамдық қауіпсіздік ең маңызды әлеуметтік мәселерге жатады. Сонымен бірге, олар қоғамдық қауіпсіздіктің мәнін түсіну үшін мәселені теориялық талдау ғана емес, сонымен қатар осы мәселелерді шешетін органдар қабылдаған құқықтық актілерді талдау және бағалау қажет екенін көрсетеді. Поляк ғалымы А. С.Пикулский: қоғамдық қауіпсіздікті

мемлекет құрылғыларының үздіксіз жұмыс істеуіне және азаматтардың өмірінің қауіпсіздігіне кепілдік беретін, олардың өмірін, денсаулығы мен мүлкін қорғауды қамтитын қажетті жағдай ретінде анықтайды.

Айта кету керек, қоғамдық қауіпсіздік ұғымы жалғыз, қатаң мағынаға ие емес. Сөздіктерде «Қоғамдық қауіпсіздік» «мемлекет пен азаматтарды құқықтық тәртіпке

қауіп төндіретін құбылыстардан қорғайтын тәртіп пен әлеуметтік құрылымның жиынтығы», сонымен қатар ел азаматтарының өмірін, денсаулығы мен материалдық игіліктерін, қоғамдық құндылықтарды қауіп-қатерден, қоқан-лоққыдан, саяси-құқықтық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік тұрғыдан қорғау ретінде анықталған [1]. Сондай-ақ, әлеуметтік қауіпсіздікті мемлекеттің негізгі саяси институттарына жасалған әрекеттерден қорғау ретінде анықтайтын тар мағына бар. Кейбір ғалымдар мен мамандар «қоғамдық» терминін мемлекеттік, жалпы немесе белгілі сөздермен сәйкестендіруді ұсынады.

Осы орайда санитариялық-эпидемиологиялық ахуалдың, сондай-ақ, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ерекше орынға ие тетіктердің бірі туралы сөз қозғау маңызды. Ол санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды құқықтық реттеуде мемлекеттің және мемлекеттік емес ұйымдардың өзара іс-қимылы болып табылады. Мемлекет қазіргі таңда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық ахуалын жақсарту бағытында, санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында көптеген шараларды қолға алды. Оның ішінде кейбір қатынастарды қатаң тыйымдар салу арқылы реттеген болса, кей мәселелерде, керісінше, жеңілдіктер енгізіп, құқықтық реттеу функциясымен жүзеге асыруда.

Тексерулердің болмауы немесе олардың санын азайту, бір жағынан, кәсіпкерлерге әкімшілік жүктемені азайтады, ал екінші жағынан, олардың өздеріне заңнама талаптарын сақтау үшін жауапкершіліктің жоғары дәрежесін жүктейді. Соңғы жылдары мемлекеттік емес ұйымдар көрсететін бақылау қызметтерін ұсыну нарығының қалыптасуы мен дамуы байқалады. Мұның басты себептері келесідей:

- мемлекеттік бақылау-қадағалау органдары жүзеге асыратын тексерулер санының азаюы кәсіпкерлерді өздерінің «корпоративтік бақылауын» енгізуге ынталандырады;
- берілетін рұқсат құжаттарын ресімдеудің күрделілігі бақылау-қадағалау органдары мемлекеттік емес ұйымдар ұсынатын

делдалдық «консультациялық» қызметтерді дамытуға ықпал етеді;

- құжаттарды міндетті мемлекеттік тіркеуден өнімді ерікті декларациялауға немесе сертификаттауға ауыстыру бөлігінде заңнаманың өзгеруі зертханалық зерттеулер жүргізу және сараптамалық қорытындылар беру бойынша мемлекеттік емес зертханалардың дамуын айқындайды;

- міндетті лицензиялауға жататын қызмет түрлерін шектеу бөлігінде заңнаманың өзгеруі қажетті материалдық-техникалық база мен білікті персонал болмаған кезде мемлекеттік емес ұйымдардың қызмет көрсетуіне әкеледі.

Жақында бақылау қызметтерін ұсынатын мемлекеттік емес ұйымдар пайда болды және олар қазіргі уақытта қарқынды даму үстінде. Қазіргі таңда бақылау-қадағалау функцияларын «мемлекет иелігінен алу», бақылау функциялары мен өкілеттіктерінің бір бөлігін мемлекеттік емес ұйымдарға беру мүмкін болды. Осыған байланысты бақылау-қадағалау органдары мен бақылау саласында қызмет көрсететін мемлекеттік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл моделін әзірлеу мәселесі туындады.

Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) елдерінде мемлекеттік емес ұйымдардың бақылау бойынша қызметтер көрсетуінің мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің (бұдан әрі – МЖӘ) кейбір нысандары заңды түрде ресімделіп, іске асырылуда.

Санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті бақылау жөніндегі қызметтер нарығы мынадай қызмет түрлері бойынша қалыптастырылған. Мысалы, санитариялық-эпидемиологиялық аудит; санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті «корпоративтік, ішкі бақылау»; консультациялық рұқсат беру қызметі; дезинфекциялау қызметі; сынақ зертханалық орталықтарының қызметі.

К.В.Коцанопулос және И.С.Арванитояннис (Kotsanopoulos & Arvanitoyannis, 2017) тамақ өнеркәсібіндегі тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау аудиттері мен жүйелерінің рөлін қарастыра отырып, бірқатар зерттеулердің нәтижелерін ұсынды және қазіргі уақытта Еуропада (негізінен Ұлы-

британия, Греция), АҚШ-та, сондай-ақ, Австралияда, Жаңа Зеландияда және Азияның бірқатар елдерінде қолданылатын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасының негізгі стандарттарын қысқаша сипаттады. [2] Авторлар тамақ өнімдерін өндіру және сату кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарының артуы мемлекеттік органдардың көбірек бастама көтеріп, нормативтік актілер шығара бастауына себеп болды деп жазады. Алайда, зерттеушілер шамадан тыс реттеу жағдайында бизнестің қаншалықты бәсекеге қабілетті бола алатындығына, сондай-ақ, мемлекеттік сектордың ресурстарының шектеулі болуына байланысты осы көлемдегі міндеттерді тиімді орындау қабілеті мен мүмкіндігіне күмән келтіреді. Нәтижесінде авторлар мемлекеттік және мемлекеттік емес (жеке) ұйымдардың бірлесіп реттеуі азық-түлік қауіпсіздігін бақылауда оңтайлы шешімі болып табылады, мұндай бақылауды қамтамасыз етуде қаржылық шығындар аз болады.

Австралия мен Жаңа Зеландияда тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін аудиторлық тексерудің реттеуші жүйесі (бөгде аудиторлық жүйе) тамақ өнімдерін бақылау жөніндегі мемлекеттік органға сол органда жұмыс істемейтін, бірақ аталған органның лицензиясы бар адамдарға кәсіпорындарда тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне аудит жүргізуге рұқсат беруге мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, Батыс Австралияда тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне аудит жүргізу саясаты енгізілді (Health Regulatory Food Safety Auditor Approval Process Policy). Оңтүстік Австралия үкіметі мемлекеттік органның сайтында «тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі» атты аудитінің тексеру тәртібін жариялады. Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындарды тексеруді бірлесіп жауап беретін электрондық тізілімге енгізілген тәуелсіз аккредиттелген аудиторлар жүзеге асыратынын атап өткен жөн. Кәсіпорын көрсетілген тізілімнен аудиторды өз бетінше таңдауға құқылы, бірақ мемлекеттік органның өкілдері – Денсаулық сақтау және әл-ауқат департаменті таңдалған аудиторды міндетті түрде мақұлдауы керек. [3]

Аудитор тексеру жиілігін кәсіпорынның өнімділігіне қарай 3 айдан 12 айға дейінгі аралықта түзетуге құқылы. Мысалы, кәсіпорын санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік бойынша барлық белгіленген стандарттарды орындайтын жерде аудиттер жыл сайын өткізілуі мүмкін, ал егер кәсіпорын белгіленген талаптарды орындамаса, аудиттер жиі болады. Кәсіпорындар аудиторлар жұмсауы мүмкін кез келген аудит шығындары үшін жауап береді.

Қытай Халық Республикасында 2019 жылы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен санитариясын реттейтін заң қабылданды (Act Governing Food Safety and Sanitation), оның 2.1-бабында «тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен санитариялық жағдай жөнінде хабарландыру жүйесі мен аудит жүйесін құру қажеттілігі» туралы айтылады. [4]

Т. Ляйкко-Рото мен М.Невас (Laikko-Roto & Nevas, 2014) Еуропалық комиссияның 2006/677/ЕС шешіміне сәйкес Финляндиядағы аймақтық және муниципалды аудиторлардың тамақ өнімдерін өндіру және сату аудитін қалай жүргізетініне талдау жасады. Аудиторлар немесе аудиторлық топтар мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тексерілетін объектілердің басқарушылық функцияларын атқармауы немесе оның шаруашылық жұмысын қадағалауға қатыспауы тиіс деп белгіленген болатын. [5]

Мұндай тәжірибе Қазақстан мен Беларусь сияқты ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің практикалық қызметіне енгізілген. ЕАЭО елдерінде мемлекеттік емес ұйымдар жүзеге асыратын санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүйесі қолданылады. Қазақстанда мұндай қызметтерді белгіленген тәртіппен аккредиттелген аудиторлар немесе аудиторлық ұйымдар ұсынады.

Қазақстанда Қазақстанның санитариялық-эпидемиологиялық аудиторларының республикалық қауымдастығы құрылды және қазіргі таңда нарықта өз қызметтерін ұсынуда. 2015–2019 жылдары елімізде санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу бойынша 60-қа жуық компания тіркелген. [6] Бұл компаниялардың қызметі Қазақстан Респуб-

ликасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 48-50-баптарымен реттеледі.[7]

Беларусь Республикасында аудитті Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген ұйымдар жүргізеді. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит санитариялық талаптарға сәйкестікті сертификаттау жүйесімен байланысты болуы және уәкілетті тұлғалардың осы сәйкестікті құжаттамалық растауын болжауы мүмкін.

Беларусь Республикасының «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» 07.01.2012 N 340-36 заңында санитариялық-эпидемиологиялық аудит-ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың, оның ішінде жеке кәсіпкерлердің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнама талаптарын сақтауын тәуелсіз бағалау және олардың қызметін жақсарту жөнінде ұсынымдар беру деп белгіленген. [8]

Көрсетілген заңның 20-бабы «санитариялық-эпидемиологиялық аудит ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың, оның ішінде дара кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен ерікті түрде жүргізіледі» деп айқындайды. Аталған заңдағы негізгі ұстаным аудиттің тәуелсіз бағалау болып табылатындығының айқын көрінісі, ол ерікті түрде жүргізіледі.

Беларусь Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 16.07.2012 жылғы №99 қаулысымен «Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу тәртібі туралы ережесінде» ұйымдарды тәуелсіз бағалау арқылы халықтың өмірі мен денсаулығына зиянды әсер ету қаупін азайту жолдары мен тәсілдерін анықтау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын сақтау және олардың қызметін жақсарту жөнінде ұсынымдар беру деген ережелер де көрсетілген. [9]

Осылайша, Беларусь Республикасында санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу кезінде тәуелсіз бағалау жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында Денсаулық сақтау министрінің 04.12.2020 жылғы ҚР ДСМ-234/2020 бұйрығымен «Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргі-

зу қағидалары» бекітілді, онда «санитариялық-эпидемиологиялық аудит – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын эпидемиялық мәні бар объектілерді санитариялық-эпидемиологиялық тәуекелдерді анықтау мен бағалау және көрсетілген объектілерді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келтіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу тұрғысынан бақылаудың балама түрі» деп айқындалған.[10]

Көрсетілген қағидалардың 4-тармағында «Санитариялық-эпидемиологиялық аудитті «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 48, 49 және 50-баптарының ережелеріне және осы қағидаларға сәйкес, аудиторлық шартта көзделген санитариялық-эпидемиологиялық аудиттің нақты міндеттерін, мерзімдерін және көлемдерін ескере отырып, аудиттелетін субъектінің өтініші бойынша аудитор (аудиторлық ұйым) жүргізеді» деп айқындалған.

Тәуелсіз аудиторлардың жүргізілген аудит туралы ақпаратты мемлекеттік органға ұсыну міндеттері де анықталды. Нақты айтқанда, жоғарыда аталған қағидалардың 24-тармағына сәйкес, аудиторлар (аудиторлық ұйымдар) жыл сайын есепті жылдан кейінгі оныншы қаңтарға қарай халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органы ведомствосына кодекстің 48-бабының 3-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша жүргізілген аудит туралы ақпарат береді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 48-50-баптары Қазақстан Республикасында санитариялық-эпидемиологиялық аудитті ұйымдастыруды және жүргізуді заңнамалық түрде бекітеді. Осылайша, Беларусь Республикасында және Қазақстан Республикасында санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласындағы бақылау қызметін жүзеге асырудың мемлекеттік-жеке меншік әріптестік

нысаны заңнамалық түрде бекітілген және іске асырылған.

Нормативтік-құқықтық құжаттармен бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган аудит жүргізуге арналған ұйымдардың немесе дара кәсіпкерлердің тізбесін айқындайтыны, осы мемлекеттік органға аудит нәтижелері туралы ақпарат берілетіні бекітілді.[11] Екі бірдей міндет шешілуде, олар: 1) бақылау (қадағалау) органдары тарапынан кәсіпкерлерге жүктеме азаяды, тексерулер жүргізілмейді және айыппұл түріндегі әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылмайды; 2) сонымен бір мезгілде бақылау (қадағалау) жөніндегі мемлекеттік орган қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) жай-күйі туралы ақпарат алады және олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады. Бұдан басқа, тексеру іс-шараларын жүргізуге және бақылауға (қадағалауға) уәкілетті лауазымды адамдарға жалақы және өзге де міндетті төлемдерді төлеу бойынша мемлекеттің қаржылық шығындары да төмендейді.

Сонымен, бақылау бойынша қызметтер көрсету нарығын қалыптастырудың ықтимал себептері мемлекеттік бақылау-қадағалау органдары жүзеге асыратын тексерулер санының азаюы; бақылау-қадағалау органдары беретін рұқсат беру құжаттамасын ресімдеу рәсімдерінің күрделілігі мен ұзақтығы; құжаттаманы міндетті мемлекеттік тіркеуден ерікті декларациялауға немесе өнімді сертификаттауға ауыстыру бөлігінде заңнаманың өзгеруі болып табылады.[12]

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мемлекеттік емес аудиттердің бір артықшылығын атап өту керек. Мемлекеттік емес аудиторларда санитариялық-эпидемиологиялық аудиттен өтудің артықшылығы болып тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұл салынбайтындығында, бірақ келісілген мерзімде санитариялық қағидаларға сәйкессіздіктерді жоюға санитариялық нұсқама беріледі. Егер аудит объектісі санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес келсе, онда аудиторлық есеп беріледі, оның негізінде ол мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілетін санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудан босатылады.

Қорытындылай келе, мемлекеттік емес ұйымдар ұсынатын санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті бақылау саласындағы көрсетілетін қызметтердің неғұрлым маңызды түрлерін былайша топтастыру орынды болады деп ойлаймыз:

- санитариялық-эпидемиологиялық аудит;
- санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті «корпоративтік, ішкі бақылау»;
- консультативтік-рұқсат беру қызметі;
- дезинфекциялық қызмет;
- сынақ зертханалық орталықтарының қызметі.

Сонымен қатар келесідей ұсыныстарды енгізген жөн: 1. Мемлекеттік емес ұйымдар ұсынатын бақылау жөніндегі қызметтер нарығын одан әрі дамыту қажет. 2. Санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласындағы бақылау бойынша мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің ұсынылған алгоритмі мемлекеттің, кәсіпкерлер мен азаматтардың мүдделерін ескеруі қажет. 3. Қауымдастықтарды, кәсіптік бірлестіктерді немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдарды құру жолымен санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласындағы бақылау бойынша қызметтер көрсететін мемлекеттік емес ұйымдардың қызметін шоғырландыруды ынталандыру қажет; 4. Бақылау (қадағалау) жөніндегі органдарға нормативтік-әдістемелік және құқықтық қамтамасыз ету, білікті кадрлар даярлау мақсатында бақылау жөніндегі қызметтерді ұсынатын мемлекеттік емес ұйымдардың қауымдастықтарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді ұсыну қажет. 5. Санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласындағы бақылау қызметтерін ұсынатын мемлекеттік емес ұйымдар үшін статистикалық есептілікті қалыптастыру мәселесін қарау қажет.

А.ДОСМАИЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң
факультетінің 2- курс магистранты,

Ғылыми жетекшісі Г.АЙГАРИНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
заң факультетінің
доценті

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б., «Қазақ сөздігі» (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі)/ Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 797-бет;
2. <https://doi.org/10.1111/1541-4337.12293> – «Аудиттің рөлі. Азық-түлік қауіпсіздігі және тамақ өнеркәсібіндегі тамақ өнімдерінің сапа стандарттары: жалпы шолу» – К.В. Коцанопулос және И. С. Арванитояннис – 2017;
3. <https://www.sahealth.sa.gov.au/wps/wcm/connect/public+content/sa+health+internet/protecting+public+health/food+standards/food+safety+audits>;
4. <https://law.moj.gov.tw/Eng/LawClass/LawAll.aspx?PCode=L0040001> – «Азық-түлік қауіпсіздігі мен санитарияны реттеу туралы» заң, Қытай Халық Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі- 2019;
5. Азық-түлік және тамақ өнімдері жөніндегі заңнамаға, жануарлардың денсаулығы мен күтіміне қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында Еуропалық Парламенттің және ресми бақылау жөніндегі кеңестің №882/2004 регламентіне сәйкес аудиттер жүргізу критерийлерін белгілейтін комиссияның №2006/677/EC 29.09.2006 жылғы шешімі;
6. Шайсултанов К.Ш., «Қазақстан Республикасында қазіргі жағдайда халықтың қоғамдық денсаулығын сақтау мәселесі» //Дезинфекциялық іс. – 2019;
7. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 20 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ кодексі;
8. <http://www.pravo.by/document/?guid=3961&p0=H11200340> – Беларусь Республикасының «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» 07.01.2012 N 340-36 заңы;
9. <https://belzakon.net/%1/2012/56185> – Беларусь Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 16.07.2012 жылғы №99 қаулысымен бекітілген «Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу тәртібі туралы» ереже;
10. «Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-234/2020 бұйрығы;
11. Май И.В., Седусова Э.В., Лебедева Т.М. – «Ресейдегі және шетелдегі санитарлық-эпидемиологиялық аудит: даму мәселелері мен болашағы (аналитикалық шолу) // денсаулыққа қауіпті талдау» – 2016;
12. Добролюбова Е.И., Зыбуновская Н.В., Покида А.Н., Южаков В.Н. – «Мемлекеттік бақылаудың (қадағалаудың) шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне әсерін бағалау / / мемлекеттік және муниципалдық басқару мәселелері» – 2017.

АННОТАЦИЯ. Бұл ғылыми мақалада автор жалпы санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету аясында мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың әрекеттесуі, атап айтқанда санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жайында сөз қозғайды. Санитариялық-эпидемиологиялық аудиттің қазақстандық заңнама теориясында берілген анықтамалары, оларды ерекшелендіретін белгілер жиынтығы мақалада айтылып өтілген. Сонымен қатар, санитариялық-эпидемиологиялық аудит институтының шетелдердегі қолданылу практикасы мен оның функциялары, мемлекеттік емес ұйымдармен жүргізілетін аудиттің артықшылықтары айқындалған. Сондай-ақ, мақалада жүргізілген сипаттау, зерттеу нәтижелерінің негізінде санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті сақтау мақсатында аудиттің тиімді жүзеге асуына мүмкіндік беретін жалпы ұсыныстар берілді.

Кілтті сөздер: қауіпсіздік, санитариялық-эпидемиологиялық аудит, мемлекеттік емес ұйымдар, бақылау, қадағалау.

АННОТАЦИЯ. В данной научной статье автор затрагивает вопросы взаимодействия государственных и негосударственных организаций в рамках правового обеспечения общей санитарно-эпидемиологической безопасности, в частности, проведения санитарно-эпидемиологического аудита. Определение санитарно-эпидемиологического аудита, приведенное в теории казахстанского законодательства, совокупность признаков, их отличающих, изложены в статье. Кроме того, определены практика применения института санитарно-эпидемиологического аудита за рубежом и его функции, преимущества аудита с негосударственными организациями. Также в статье даны общие рекомендации, позволяющие эффективно осуществлять аудит в целях соблюдения санитарно-эпидемиологической безопасности на основе результатов проведенного исследования.

Ключевые слова: безопасность, санитарно-эпидемиологический аудит, негосударственные организации, контроль, надзор.

ABSTRACT. In this scientific article, the author touches upon the issues of interaction between state and non-state organizations within the framework of legal provision of general sanitary and epidemiological safety, in particular, conducting sanitary and epidemiological audit. The definition of sanitary and epidemiological audit, given in the theory of Kazakh legislation, the set of features that distinguish them, are set out in the article. In addition, the practice of using the Institute of sanitary and epidemiological audit abroad and its functions, advantages of auditing with nongovernmental organizations are determined. The article also provides general recommendations that make it possible to effectively carry out an audit in order to comply with sanitary and epidemiological safety based on the results of the study.

Key words: safety, sanitary and epidemiological audit, non-governmental organizations, control, supervision.

ОТБАСЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат

қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілсе, 3-бабының 1-тармағында «Мемлекеттік биліктің бастауы – халық» деп бекітілген. Құқықтық мемлекет құрудың бірден-бір шарты – халықтың құқықтық білімін көтеру. Осы мақсатта 1995 жылдың 21 маусымында «Жалпыға бірдей құқықтық білім мен тәрбие беру туралы» № 2347 қаулы қабылданды.



Қазақ елінің заңды құрметтеуі, адам құқығын ардақтауы сонау ықылым заманнан-ақ қалыптасқан. Ғасырлар қойнауынан жол тартып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сана, мәдениетті сөйлеуге құрылған қарым-қатынасқа айрықша баға берген. Ел басқару ісіне жіті мән бергендіктен, ақ сақалды қариялардың түйінді бір ауыз сөзінің өзі тасқын тоқтатарлық күшке ие болған. Ал дуалы ауыздан шыққан қасиетті сөздер ел арасына кеңінен тарап, Ата Заң баптарындай бағыт беріп отырған [1].

Қазақ халқы жазу-сызуды білмеген кездің

өзінде тәрбиеге ерекше көңіл бөліп, адам құқын қорғауды берік ұстаған. Мысалы, сол заманда ел тоқтаған «Қасым ханның қасқа жолы» (1511-1518 ж.ж.), «Есім ханның ескі жолы» (1598-1628 ж.ж.), Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» (1680-1718 ж.ж.) сияқты көрнекті заңдар жұртшылықты ынтымақ пен бірлікке жұмылдырып, адамдарды әділеттілікке, яғни біреудің алажібін аттамауға тәрбиелей отырып, зорлық пен зомбылықтың барлық түріне қатаң жаза қолданған. Содан кейінгі кезеңде қазақ жерін отарлау мақсатында патшалық Ресейдің хандықты жой-

ғаны, ел басқару ісіне өзгерту енгізгені, халықты бір-біріне айдап салғаны тарихтан мәлім. Басқасын қойғанда, жеке адамның құқы, оның тағдыры деген ұғымдар адыра қалды. Тағдыр демекші, жеке адамның тағдырын ойлау әр елде, әр кезеңде түрлі сипатта болды. Мысалы, француз буржуазиялық революциясының негізгі құжаты саналатын «Адам және азамат декларациясының» 1-бабында «Адамның туылғаннан кейінгі бостандығы мен құқы теңдей» деп көрсетілген. Бұл барлық адамдардың құқықтары тең екенін айғақтау деген сөз. Дәл осындай қағида ислам дінінде де бар және онда «Адам туылғанда да, өлгенде де бірдей, сондықтан бір-біріңді қорламаңдар, пенделер» деп тұжырымдалады.

Ерте кезде адам және азамат құқықтарын теңестіретін демократиялық көзқарастың деңгейі төмен болғаны рас. Нағыз демократия өз жемісін екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, дәлірек айтқанда 1948 жылы берді. Өйткені, дәл осы жылы БҰҰ өзінің «Жалпыға бірдей адам құқығының декларациясын» қабылдаған еді. Бұл құжат дамушы елдер үшін адам құқын қорғау саласында бағыт беретін негізгі заң актілерінің бірі болды.

Мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі – оқу-тәрбие жұмысының барлық саласына құқықтық шараларды енгізу болды. Оқушыларға құқықтық тәрбие беру үшін ең алдымен, оларға Конституцияның мазмұнын таныстыру қажет. Құқықтық сана – қоғамдық сананың құрамдас бөлігі, ал, құқық – қоғамдық қатынастарды реттейтін, қоғамның бірыңғай ұйымдасып, өмір сүруін қамтамасыз ететін күшті құрал.

Жастар мен жасөспірімдердің құқығын қорғау, оларға тәлім-тәрбие беру жөнінде бірнеше заң қабылданғанымен күнделікті тәжірибеде толық іске қосылмайды. Соның салдарынан соңғы жылдары патриотизм мен отан сүйгіштік рухынан айырылып қалған жастар қауымы арасында қылмыстың қаулап өсуі үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. Әрине, оның түпкі себебін бір ауыз сөзбен түсіндіріп беру қиын мәселе [2].

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық отбасы, ошақ қасындағы тентектік-

тен асып түсіп, кісі өлтіру, әйел зорлау, денеге ауыр жарақат салу, ашықтан ашық адам тонау, есірткі заттарын сақтау тәрізді қылмыскерлермен жасалынатын ауыр қылмыстарға ұласып отыр. Амал нешік кәмелетке толмағандардың тағдырын назардан тыс қалдыру, білім ошақтарының қит етіп, қия басқан тәртібі «қиын» баланың жауапкершілігін құқық қорғау органдарына ысырып тастауы ақыры осындай күйге жеткізді.

Басқа-басқа сол түзелуі күрделі деп саналған балаларды қамқорлықтарына алып отырған жетімханалар мен ақтау орталықтарындағы қауырт жұмыстың тізгінін ең алдымен құқық қорғау органдарының өкілдері емес, ұстаздар қауымы ұстауы тиіс. Мамандардың пікіріне сүйенсек, балалармен жасалынатын қылмыстардың дені әдетте ұсақ-түйек әрекеттерден аспай жатады. Алайда, жеңіл-желпі жазалармен шектеуге болатын осынау әрекеттердің түпкі нүктесі қазыларымыз кесетін қатал үкіммен аяқталып жатады. Сол себептен де «Сорос-Қазақстан» қайырымдылық қоры жасөспірімдер мен жасы кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау мақсатында «Ювенальная юстиция» халықаралық жобасын батыл қолға алды.

Жаңа жобаның бұл бағыттағы қордаланып қалған көптеген мәселелердің түйінін шешіп, құқық қорғау органдарының қысым-қиянатына ұшырайтын жасөспірімдердің құқығын қорғау ісіне тигізетін ықпалы зор болмақ. Жаңа жоба қазірдің өзінде жасөспірімдер құқығын бұзуға жол бермеуде тиімділігін көрсетіп отыр. Тек оның қисапсыз қаражатты қажет ететіндігі ғана аяқты тұсайды.

Бүгінде Алматыдағы Абай мен Саин көшелерінің қиылысында «балалар бұрышы» деп аталып кеткен кішкентай жезөкшелердің тұратын мекенжайы бар екендігін бәлкім біреу білсе, біреу білмес. Айтуға ауыр болса да ақиқаты осындай. Қызметінің құны 2000-3000 теңгеден аспайтын көкөрім жезөкшелердің дені әке-шешелері маскүнемдікке салынып, ынтымағы бұзылған отбасыларынан шыққандар.

Қылмыстық кодекстің 140-бабында ба-

лаларына дұрыс тәлім-тәрбие бермеген ата-аналар үшін бірқатар жауапкершіліктер қарастырылған. Онда да бұл баппен ата-аналық парызын аяқасты етіп, адамдық қалыптан жұрдай болып айырылғандар ғана жауапкершілікке тартылады. Алматы қаласы бойынша биылдың өзінде жоғарыдағы баппен 67 адам жауапкершілікке тартылып, ата-аналық құқығынан айырылыпты. Десек те, заңгерлер қауымы дәлелденуі аса күрделі бұл бапты қолдана бермейтін «өлі» жауапкершіліктің бір түріне жатқызады. Олай дейтініміз, қай бала өз әке-шешесінің үстінен шағым жазып, арыздана береді. Кейде тұрмыстық ахуал өз үстемдігін жүргізіп отырған мына заманда адам тағдырынан гөрі ақша қымбат тәрізді ме деп те ойланасың. Әйтпесе, бүгініміз бен ертеңімізді жалғастырып жататын ұрпақ тағдыры бәрінен де жоғары тұруы тиіс емес пе?

Қазір елімізде жастар мен балалардың мүддесі мен құқығын қорғауды қамтамасыз ететін заңдар аз емес. Алайда, олардың көп жағдайда түпкі мақсатына жетпей, ауада ілініп қалатындығында жоғарыдағы шешімін күтіп отырған түйткілді мәселелердің түйіні жатқандығын жоққа шығаруға болмайды. 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасындағы балалардың құқығы туралы» жаңа заң өз күшіне енді. Осы заңның 6-бабында балалардың құқығы мен мүддесін қорғауды қамтамасыз ету, оларды қорлауға жол бермеу мемлекеттік саясаттың басты мақсаты екендігі ашып көрсетілген. Десек те, заң талабының тұрмыс пен күн көрістің ауырлығы үстемдік құрып тұрған тіршілікте толық жүзеге аса қоятынына күмән көп. Өйткені, жас сәбилерді қорлау мен аяусыз ұрып-соғу, тіпті, өлім жағдайына душар ету деректері әлі де жалғасып келеді. Қаршадай баланы қатыгездікке үйрететін де қоғам мен отбасындағы осындай көлеңкелі жағдайлар болып отыр [3].

Еліміз 2002 жылы Қазақстан Республи-

касы балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Конституцияда кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін заң қабылдады. Заңда Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары қамтылды. Мысалы, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етіп, оларды кемсітушілікке жол бермеу, құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ, құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру, бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру, т.б.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекеттерге немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту туралы істерді тергеген және қараған кезде қылмыстардың тек қасақана жасалатынын ескеру қажет.

Отбасы адамзат жаратылғаннан бері, яғни, тарихтың барлық кезеңінде қоғамның негізі болып саналған. Сондықтан, отбасы берік, пәк, адал болса, қоғам да сондай болмақ. Десекте, қоғамның беріктігіне мән беретіндер қатары азайып, батысқа еліктеушілердің саны артып кетті. Сондықтан, қоғамдағы белең алып отырған бұл қиыны мәселелерді болдырмау әр пенденің өзіне ғана байланысты деп ойлаймын.

Р.БАЙЗАКОВА,

А. БЕКБЕРГЕНОВА,

Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университетінің аға оқытушылары

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995ж.*
2. *К. Базарбаев, Б.Н. Абдрахманов Казахстан в мировом сообществе.*
3. *Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 2016 жс.*

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы (бұрынғы Мичурин) көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.4.2022 ж. жіберілді. Басуға 20.4.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 10. Таралым 845.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,

Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»